

«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK»
АҚ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ
БОЙЫНША ЕСЕБІ



ЖЕТІСТІКТЕР
ШЫҢҒЫНАН

2021

03

■ Басқарма төрағасының үндеуі

04

■ БАНКТИҢ БҮГІНІ

- 05 ■ Банк туралы
- 07 ■ Берік әрі жан-жақты банк
- 10 ■ Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құны
- 11 ■ Банк қызметінің географиясы
- 12 ■ Маңыздылық талдауы
- 14 ■ Банктің БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қосқан үлесі
- 16 ■ Jusan қызметінің орнықты дамудың мақсаттарымен сәйкестігі
- 17 ■ Jusan-ның мүдделі тараптармен қарым-қатынасы



21

■ КОРПОРАТИВТИК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА

- 22 ■ Корпоративтік басқару
- 24 ■ Корпоративтік басқарудың құндылықтары мен принциптері
- 25 ■ Орнықты дамуды басқарудың әдіс-тәсілдері
- 26 ■ Jusan ұжымдық құрылымы
- 27 ■ Директорлар Кеңесінің құрамы
- 28 ■ Іскерлік этика және корпоративтік мәдениет
- 29 ■ Адам құқықтары
- 30 ■ Жемқорлықпен күрес
- 32 ■ Қаржы қылмыстарымен күрес
- 33 ■ Мүдделер қақтығысын басқару
- 34 ■ Ішкі бақылау және комплаенс-бақылау
- 35 ■ Орнықты даму саласындағы тәуекелдерді басқару, тиісті деңгейдегі сақтық
- 36 ■ Салықтар
- 38 ■ Қақтығыстарды елеу және құқық бұзушылықтар туралы ақпарат беру
- 39 ■ Қауымдастықтарға мүше болу



40

■ ЖАУАПТЫ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БИЗНЕС

- 41 ■ Клиенттерге жауапкершілікпен қарау
- 42 ■ Өнімдер мен қызметтердің қолжетімділігі
- 43 ■ Клиенттердің қанағаттануы
- 45 ■ Цифровизация және инновациялар
- 49 ■ Киберқауіпсіздік және деректерді қорғау
- 51 ■ Шағын және орта бизнесті қолдау
- 53 ■ Тасымалдаушылармен қарым-қатынас

54

■ АДАМИ КАПИТАЛ

- 55 ■ Адами капиталды дамыту
- 57 ■ Адами капиталды дамытудың әдіс-тәсілдері
- 58 ■ Қызметкерлер құрылымы
- 60 ■ Қызметкерлерді оқыту және дамыту
- 61 ■ Ынталандыру және қызметкерлердің еңбекақысы
- 63 ■ Еңбекті және денсаулықты қорғау
- 65 ■ Корпоративтік іс-шаралар және корпоративтік еріктілік қызметі



66

■ ЭКОЛОГИЯ

- 67 ■ Қоршаған ортаға тигізетін әсер
- 69 ■ Көміртек ізін бағалау
- 70 ■ Суды тұтыну және ағын сулар
- 71 ■ Қалдықтарды қайта қолдану
- 72 ■ Жылу-энергетикалық ресурстарды тұтыну
- 73 ■ Ресурстарды жауапкершілікпен тұтыну
- 74 ■ «Жасыл кеңсе» жобасы



75

■ ҚОҒАМҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕР

- 76 ■ Филантропия және қоғамдастықтарды қолдау
- 78 ■ Білім саласын қолдау
- 79 ■ Әлеуметтік бастамалар



80 ■ ЕСЕП ТУРАЛЫ

82 ■ БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

83 ■ GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР! 03

Jusan Bank назарларыңызға үздік халықаралық стандарттарға сай ашықтық және айқындыққа деген ұмтылысымызды көрсететін орнықты даму бойынша пилоттық Есепін ұсынады. Бұл Есеп мүдделі тараптармен үздіксіз қарым-қатынастың ажырамас бөлшегі және біз 2021 жылы бизнесті мол жауапкершілікпен жүргізгеніміз туралы толығырақ ақпаратпен бөлісіп жатқанымызға аса қуаныштымыз.

Біз корпоративтік ESG-трансформация арқылы орнықты даму жолымен дамуға бек ниеттіміз. Бұл бизнестің тұрақтылығын арттыру, дамудың жаңа бағыттарын анықтау және мүдделі тараптар үшін жаңа құндылықтар енгізу үшін жасалуда. Біздің банк сияқты қаржылық ұйымдар қоғам үшін маңызды рөл атқарады. Атап айтсақ, капиталмен қамту, кәсіпкерлік пен инфрақұрылымның дамуына септігімізді тигізу, корпоративтік және бөлшек клиенттердің ірі категорияларымен қарым-қатынас жасау тағысы тағы бар. Jusan Тобы БҰҰ-ның орнықты дамудың мақсаттарын назарға ала отырып, жауапты банк және инвестиция қызметі саласында Қазақстан Республикасында көшбасшы болуға ұмтылуда.

2021 жыл Jusan Bank үшін жемісті болды. Қаржы және операциялық нәтижелер – дұрыс бағытта дамып жатқанымыздың көрсеткіші. «АТФБанк» АҚ қосылуы аяқталды, филиал желісі кеңейтілді. Қаржы және цифрлық экожүйенің дамуы жалғасты, несие портфелін сауықтыру жүргізілді. Болашақта корпоративтік және бөлшек банкингке, цифрландыруға, орнықты даму мен заңнамалық талаптарды бұлжытпай ұстай отырып, одан әрі күш салатын боламыз. Біз табыстылықты арттыруға және ұзақ мерзімді акционерлік құнды тиімді етуге үнемі ұмтыламыз.

Біз Ұлттық банк саласын трансформациялау негізінде клиенттеріміздің үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қанағаттандыру және қызмет сапасын жақсарту үшін мүмкіндіктеріміз бен біліктілігімізді дамытып отырамыз. Банк нарыққа сұранысқа ие инновациялық шешімдерді шығарды. Жан-жақты ойластырылған даму стратегиясының арқасында, есептік жыл нәтижесі бойынша бөлшек және корпоративтік клиенттердің саны 2,7 миллионнан асып жығылды. Jusan Bank шағын және орта бизнесті несиелеу және қаржылық қолдау, кәсіпкерлікті демеу бойынша үлкен жұмысты жүзеге асыруда.

Корпоративтік табыстың негізгі кілті – біздің әріптестеріміз. Адам құқықтарын қорғау, сан түрлі ұжымның және инклюзивті мәдениеттің болуы банктің өз сатындағы ең мықты тұрақты шешімдер қабылдау қабілетін күшейтетініне кәміл сенімдімін. Біз қызметкерлерге қолайлы әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын жасай отырып, үнемі оларды оқытып, еңбектері үшін тиісті ақы төлей отырып, адами капиталды дамытуға баса назар аударамыз. Бұлардың барлығы бізге корпоративтік мақсаттарға қол жеткізуге көмектесетін ұйымшыл және ынталы ұжым қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Филантропия – біздің корпоративтік мәдениетіміздің ажырамас бөлшегі. Jusan Bank Қазақстан Республикасының білім беру саласын қолдауға баса назар аударады. Біз жергілікті қоғамдастықтар мен білім беру жобаларын дамытуға үлес қоса отырып, осы бағыттағы белсенді қызметті жалғастырмақпыз.

Jusan Bank экологияға жауапкершілікпен қарайды, ресурстарды үнеммен пайдалануды көздейді. Бір айта кетерлігі, банк парниктік газдар эмиссиясына бағалау жүргізді, бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының аз көміртекті экономикаға көшуі шеңберінде бизнестің климатқа әсерін неғұрлым айқын түсінуге мүмкіндік берді. Біз қоршаған ортаға корпоративтік әсерді тиімді басқаруға мүмкіндік беретін жаңа бастамаларды енгізуге ниеттіміз.

Мен Jusan Bank-тің әрбір мүшесіне және мүдделі тараптарға банктің бизнес пен орнықты даму саласындағы ұстанымын нығайтуға талпынысы, уақыты мен күш-жігерін жұмсағаны үшін үлкен алғысымды білдіремін.

ESG мәселесі Jusan Bank күн тәртібінде алдағы уақытта да айрықша орын алатын болады. Бұл біздің банкіміздің ойдағыдай дамуына септігін тигізеді, игілігі үшін біз талмай еңбектеніп жатқан қазақстандық қоғамға ұзақ мерзімді табыс әкеледі деген сенімдемін.



Айдосов Нұрдәулет,

Басқарма төрағасы Jusan Bank

тарау 01

БАНКТИҢ БҮГІНІ



«FIRST HEARTLAND JUSAN BANK» АҚ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ЕСЕБІ

БАНК ТУРАЛЫ

- GRI 102-1
- GRI 102-2
- GRI 102-3
- GRI 102-5
- GRI 102-6
- GRI 102-7
- GRI 102-10

«First Heartland Jusan Bank» (әрі қарай – Банк, Jusan, біз) орнықты даму бойынша Алғашқы есебін (әрі қарай — Есеп) жариялайды.

Jusan – заңды және жеке тұлғалар үшін сан түрлі қаржылық қызметтер мен өнімдер ұсынатын әмбебап банк. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 07.04.2021 жылы берген №1.2.35/225/37 лицензиясы негізінде қызмет жүргізеді. Банктің бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында және Astana International Exchange-те жарияланған.

Біздің банк республикамыздағы ең ірі қаржы мекемелерінің бірі және ұлттық экономикаға несие берудегі орны орасан зор. Jusan-ның Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері активтерінің ішінде үлесі шамамен 7%-ға жетеді. Jusan-ды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әлеуетті жүйелік маңызы бар банк деп есептейді.

Банк оның еншілес компанияларынан тұратын Jusan Тобына кіреді.

Банктің негізгі қызметі коммерциялық банктік қызметті жүргізумен, несие мен кепілдіктер берумен, депозиттерді тартумен, клиенттердің шоттарын ашумен және жүргізумен, есеп айырысу-қасалық қызмет көрсетуді жүзеге асырумен, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізумен байланысты.

Банк қызметін жауапты жүргізу және өзінің әлеуметтік-экологиялық әсерін басқаруды жақсарту арқылы Қазақстан Республикасының дамуына атсалысады. Jusan ESG бизнес-процестерін

трансформациялау және озық халықаралық біліктілік негізінде стратегиялық жоспарлауға орнықты даму қағидаттарын интеграциялау мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылықты құру үшін аса маңызды екенін негізге алады.

Бас кеңсесі Қазақстан Республикасы Алматы қаласында орналасқан. 2022 жылдың 30 маусымында өңірлік желіге Қазақстан Республикасының 41 қаласында, 2 кентінде және 3 ауылында, Private banking 5 бөлімшесін қоса алғанда, 19 филиал және 121 бөлімше кіреді.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктің ірі акционері - «First Heartland Securities» АҚ қазақстандық брокерлік компаниясы. Банктің және оның еншілес компанияларының соңғы бақылаушысы – NU Generation Foundation, Inc., тек «Назарбаев Университеті» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының, сондай-ақ олардың ұйымдарының қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін құрылған коммерциялық емес ұйым.

Есепті кезеңде меншік құрылымында атап өтерліктей өзгерістер болған жоқ. Меншік құрылымы туралы өзекті ақпарат Қазақстан қор биржасының ресми сайтында жарияланады.

2021 жылғы қыркүйекте қазақстандық ірі банк «АТФБанк» АҚ-ты Банкке қайта ұйымдастыру арқылы қосып алу жұмыстары аяқталды, оны Jusan 2020 жылдың желтоқсанындағы сатып алды. Бұл біздің бизнесімізді айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік берді.




Jusan-ның Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері активтерінің ішінде үлесі шамамен

7%
-ға
жетеді.

БАНК ТУРАЛЫ

Jusan акционерлері құрылымы, %

2020




«First Heartland Securities» АҚ

Есенов Г. Ш.

Тағы басқалар

2021



Jusan еншілес компаниялары (Jusan Тобы)

Атауы	Қызметі	Үлесі, % (2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша)	Тіркелген мемлекет
«Jusan Garant сақтандыру компаниясы» АҚ	Сақтандыру, қайта сақтандыру	100	Қазақстан Республикасы
«First Heartland Jusan Invest» АҚ	Номиналды иегер ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығы бар құнды қағаздар нарығындағы брокерлік және дилерлік қызмет, инвестициялық портфельді басқару	95,0	Қазақстан Республикасы
«First Heartland Capital» АҚ	Ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару	100	Қазақстан Республикасы
«Jusan Инкассация» ЖШС	Банкнот, тиын, құндылықтардың инкассациясы	100	Қазақстан Республикасы
«ОУСА Юг» ЖШС	Күдікті және болашағы жоқ активтерді басқару	100	Қазақстан Республикасы
«Jusan Development» ЖШС	Күдікті және болашағы жоқ активтерді басқару	100	Қазақстан Республикасы
«Jusan Property» ЖШС	Күдікті және болашағы жоқ активтерді басқару	100	Қазақстан Республикасы
«Оптимa Банк» ААҚ	Коммерциялық банк қызметін көрсету	97,1	Қырғыз Республикасы

БЕРІК ӘРІ ЖАН-ЖАҚТЫ БАНК

БІЗДІҢ НЕГІЗГІ
АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

КЛИЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒАН
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

ЦИФРЛЫ НАРЫҚТАҒЫ
КӨШБАСШЫЛЫҚ

ЭТИКАЛЫҚ КОРПОРАТИВТІК
МӘДЕНИЕТ

БЕРІК ӘРІ ТАНЫМАЛ
БРЕНД

07

БЕРІК ӘРІ ЖАН-ЖАҚТЫ БАНК

Стандарттар

GRI 102-7,

103

2021 жылғы негізгі көрсеткіштер

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

5827 –
Қызметкерлер
саны

69%
Әйел
қызметкерлер

24,8 млрд
теңге –
Қызметкерлерге
кеткен шығын

2 728,4 мың.
Клиенттер

1 млн
Белсенді цифрлық
қолданушылар

893 мың.
Шығарылған банк
карталары*

2 603 млрд
теңге –
Активтер

957,8 млрд
теңге –
Клиенттерге берілген
несие көлемі**

1 507,6 млрд
теңге –
Ағымдық шоттар және
клиенттердің депозиті

442,6 млрд
теңге –
Меншікті капитал

10,1 млрд
теңге –
Жыл ішіндегі
табыс

287,84 теңге –
Қарапайым акцияның
табысы



* бөлшек және private banking сегментіндегі цифрлық және пластик карталар


** ықтимал неісе шығындарына арналған резервті ұстамағанда

БЕРІК ӘРІ ЖАН-ЖАҚТЫ БАНК

2021 жылдың негізгі көрсеткіштері


Корпоративтік бизнес

 **149,4** мың.
Корпоративтік клиенттер


 **910,3** млрд теңге –
Ағымдық шоттар және корпоративтік клиенттердің депозиттері

 **685,3** млрд теңге –
Корпоративтік клиенттерге берілген несие көлемі

Бөлшек бизнес

 **2 579** мың.
Бөлшек клиенттер

 **597,3** млрд теңге –
Ағымдық шоттар және бөлшек клиенттердің депозиттері

 **272,6** млрд теңге –
Бөлшек клиенттерге берілген несие көлемі

Неси

Moody's Investor Services

 **B1**
(тұрақты, 2021ж., маусым)

Марапаттар

Jusan International Finance Banking Awards халықаралық премиясының екі номинациясында лауреат атанды: Most Innovative New Corporate Internet Banking – Kazakhstan 2021 және Best New Mobile Banking Application – Kazakhstan 2021.

Jusan Asian Banking & Finance Retail Banking Awards халықаралық премиясының екі номинациясында лауреат атанды: Digital

Banking Initiative of the Year – Kazakhstan және Online Banking Initiative of the Year – Kazakhstan.

Jusan CFI.co қаржы басылымы өткізген Banking Awards – 2021 халықаралық конкурсының нәтижесі бойынша 2021 жылы Қазақстанның үздік банкі (Best Bank – Kazakhstan 2021) атағын жеңіп алды.



ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҮЛЕСТІРІЛГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰНЫ

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, млн теңге

Банк өз қызметі барысында мүдделі тараптар, соның ішінде акционерлер, қызметкерлер, қоғам үшін қосымша құндылық қалыптастырады. Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құн біздің қызметіміздің нәтижесінде жасалатын құндылықты, бұдан бөлек оны кейіннен негізгі мүдделі тараптар бойынша бөлуді көрсетеді.

1-ескертпе.

Бастапқы қаржы деректері негізінен 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін банктің тексерілген жеке қаржы есептілігінен қабылданды.

2-ескертпе.

Банктің ірі акционері – NU Generation Foundation, Inc.»Назарбаев Университеті» және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының, сондай-ақ олардың ұйымдарының қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін құрылған коммерциялық емес ұйым. Нәтижесінде, осы соңғы бенефициарға есептелген дивидендтерді әлеуметтік дамуға әлеуметтік бағытталған үлес ретінде санауға болады.

Құрылған тікелей экономикалық құн	61 141
Несие шығындары бойынша кірістерден кейінгі таза пайыздық пайда	33 250
Комиссиялар бойынша таза кірістер	7 884
Өзге операциялық кірістер	20 007
Үлестірілген экономикалық құн	164 918
Операциялық шығындар	(52 984)
– оның ішінде әлеуметтік аударымдар мен жалақы бойынша салықтарды ескере отырып қызметкерлерге төленген сыйақы	(24 839)
– оның ішінде қайырымдылық пен әлеуметтік жобаларға кеткен шығындар	(20)
– оның ішінде корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар бойынша шығындар	(2 221)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу	1 917
Банктің акционерлеріне төленетін дивидендтер	(113 851)
Үлестірілмеген экономикалық құн (құрылған тікелей экономикалық құннан алынған таратылған экономикалық құн)	-103 777
Үлестірілмеген пайда	171 406

Банк қызметінің географиясы

Стандарттар

GRI 102-3

GRI 102-4

GRI 102-6

30.06.2022
ЖЫЛЫ:

☆ **46**
елді мекен

🏢 **19**
филиал

💻 **121**
бөлімше

👤 **1 054**
банкомат



МАҢЫЗДЫЛЫҚ ТАЛДАУЫ

GRI 102-44,

102-46,

102-47

«Маңызды тақырыптар» термині-GRI стандарттарына негізделген орнықты даму туралы есептердегі елеулі түсініктердің бірі. Әрбір ұйым өз қызметімен және шешімдерімен мүдделі тараптарға, мысалы, қызметкерлерге, клиенттерге, тасымалдаушыларға, сондай-ақ серіктес немесе бәсекелес ұйымдарға, қоршаған ортаға, әлеуметтік және экономикалық жүйелерге әсер етеді.

Тигізетін әсер оң болуы да, теріс болуы да мүмкін, ал белгілі бір ұйымға байланысты бұл әсер бір қызмет саласында аз ғана болса, енді бірінде көп болуы ғажап емес.

GRI стандарттары тұрғысынан талдасақ, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық әсері (оң не теріс болуы да мүмкін) бар тақырыптар ең маңызды болып келеді. Мүдделі тараптар үшін маңызды және олардың пікіріне немесе шешімдеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін тақырыптар да маңызды болып саналады.

GRI стандарттарына сай Jusan есебінің құрылымы маңызды тақырыптарға негізделген.

Jusan экологиялық, әлеуметтік және басқарма факторларының стратегиялық маңыздылығын екі өлшем бойынша бағалайды: олардың мүдделі тараптар үшін салыстырмалы маңыздылығы және олардың ұзақ мерзімді жаһандық мегатрендтерді – урбанизацияны, цифрлық революцияны, климаттық өзгерістерді, ашықтыққа сұранысты ескере отырып тигізген бизнестің табыстылығына әсері.

Бизнестің ұзақ мерзімді тұрақтылығы оның мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне бейімделу, жағымсыз әсерлерді анықтау және азайту қабілетіне байланысты.

Jusan маңыздылықты талдап, Есептің мазмұнын анықтау үшін халықаралық стандарттар мен озық тәжірибеге, референттік банктермен салыстырмалы талдауға, сондай-ақ мүдделі тараптардың пікірлеріне сүйенді. Банк өз қызметінің тақырыптар бойынша бөліп бағалау мен шешімдерге әсерін зерделеу үшін сыртқы және ішкі мүдделі тараптарға сауалнама жүргізу процесін әзірледі.

Біз маңыздылық матрицасындағы қызметіміздің негізгі экологиялық салдарына сәйкес орнықты дамудың маңызды тақырыптарын топтастырдық.


Төмендегі ESG факторларын көрсететін маңыздылық матрицасы Jusan және мүдделі тараптарға барынша әсер ететін факторлар корпоративтік басымдықтарды, бастамалар мен бағдарламаларға баса назар аударуға көмектеседі.

ESG

факторлары



Маңыздылық матрицасы



Маңызды тақырыптар

1. Банктің қаржы тұрақтылығы
2. Корпоративтік басқару
3. Жемқорлықпен күрес
4. Киберқауіпсіздік және деректерді қорғау
5. Цифровизация және инновациялар
6. Шағын және орта бизнесті қолдау
7. Тасымалдаушылар қарым-қатынас
8. Адами капиталды дамыту
9. Еңбекті және денсаулықты қорғау
10. Қоршаған ортаға тигізетін әсер
11. Филантропия және қоғамдастықтарды қолдау

БАНКТИҢ БҰҒ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ



Қазақстан Республикасы және Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше өзге де мемлекеттер 2015 жылы қабылдаған 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған орнықты даму саласындағы мәселелер тізімі – тұрақты өсу мен өркендеуді қамтамасыз ететін теңдессіз жаһандық жоспар.

Оның негізінде орнықты дамудың өзара байланысты 17 мақсаты бар, олар аса маңызды әлеуметтік және экологиялық проблемаларды шешуге негізделген 169 тапсырма мен 231 индикатордан тұрады.

Jusan Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҒ) орнықты даму мақсаттарын жаһандық кезек күттірмейтін мәселе деп есептейді және әлеуметтік бағдарланған, аз көміртекті, ресурстары тиімді және инклюзивті экономикаға көшу үшін капиталды жұмылдырудағы қаржы институттарының негізгі рөлін атап өтеді.

Біз бизнес, қоғам және басқа да мүдделі тараптар 2030 жылға дейінгі кезеңде БҰҒ-ның орнықты дамуының барлық мақсаттарын іске асыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге жұмылуы керек деп санаймыз. Jusan мүдделі тараптармен әріптестік қарым-қатынас арқылы оның жеңістеріне өз үлесін қосуға тырысады.

- 1** Кедейлікті жою
- 2** Аштықты жою
- 3** Денсаулық және әл-ауқат
- 4** Сапалы білім беру
- 5** Гендерлік теңдік
- 6** Таза су және санитария

- 7** Қымбат емес және таза энергия
- 8** Лайықты жұмыс және экономикалық өсу
- 9** Индустрияландыру, инновациялар, инфрақұрылым
- 10** Теңсіздікті қысқарту
- 11** Тұрақты қалалар және елді мекендер
- 12** Жауапты тұтыну және өндіріс

- 13** Климаттың өзгеруімен күрес
- 14** Теңіз экожүйелерін сақтау
- 15** Құрлық экожүйелерін сақтау
- 16** Бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар
- 17** Тұрақты даму үшін серіктестік

17
мақсат

169
тапсырма

231
индикатор

Банк өз әсерін тигізетін Орнықты дамудың басты мақсаттары



4 МАҚСАТ

Жаппай әрі әділетті сапалы білім беруді қамту және баршаға өмір бойы оқуға мүмкіндік сыйлау



8 МАҚСАТ

Озық, жаппай және тұрақты экономикалық өсімге септігін тигізу, баршаны толықтай лайықты жұмыспен қамту.



9 МАҚСАТ

Берік инфрақұрылым жасап шығару, жаппай әрі тұрақты индустриализация мен инновацияларға қолдау көрсету.



JUSAN ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ МАҚСАТТАРЫМЕН СӘЙКЕСТІГІ

Басты мақсаттар



Іс жүзіндегі үлесі

- Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын, жобалары мен бастамаларын қолдау
- Банк қызметкерлерін оқыту және біліктіліктерін арттыру
- Сыртқы мүдделі тараптар үшін қаржы сауаттылығын арттыру
- Жұмысқа қажетті қабілеттерге ие, лайықты еңбекақы алатын және кәсіпкерлікпен айналысатын адамдардың санын арттыру



- Банк – жауапты әрі ірі салық төлеуші
- Шағын және орта бизнес үшін қызметтер мен өнімдер
- Банктің өз жұмыс орындарын ашуы және қызмет географиясын кеңейтуі
- Қызметкерлер үшін ыңғайлы, цифрлы жұмыс орындарын ашу
- Жас мамандар мен талантты жастарды оқытуға және жұмысқа орналастыруға мүмкіндіктер
- Әлеуметтік-мәдени жан-жақтылық және тең мүмкіндіктер
- Іскерлік этика және адам құқықтары
- Жергілікті тасымалдаушыларға назар аудару



- Кәсіпкерлік пен стартаптарды қолдау
- Шағын және орта бизнес үшін қызметтер мен өнімдер
- Инновацияларға инвестиция құю, цифрландыру
- Инфрақұрылымның өндірістік өнімдерінің модернизациясы
- Қашықтан жұмыс істейтін мобильді және интернет-банкингті дамыту
- Өнеркәсіп пен инфрақұрылымда жұмыспен қамтуға септігін тигізу



JUSAN-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Мүдделі тараптармен конструктивті байланыс, олар үшін құндылықтар құру, бизнестің ашық саясат ұстануы – жауапкершілігі мол бизнестің бастамасы. Jusan сан түрлі мүдделі тараптармен тұрақты қарым-қатынасты қолдаудың маңызын естен шығармайды. Бұл бизнесті жүргізу барысында туындайтын тәуекелдерді тиімді басқаруға және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді.


Біздің сенім артуға болатын көшбасшылық туралы көзқарасымыз: мүдделі тараптармен бірге даму, Банк қабылдаған шешімдердің тигізетін әсерін түсіну, олардың қанағаттануы мен брендке деген сенімін арттыру үшін жауапкершілікпен әрекет ету. Біз бизнесті және операциялық қызметті адал жүргізуге айтарлықтай мән береміз.

Jusan мүдделі тараптармен бүкпесіз коммуникация жүргізу қажет деп санайды.

Біз мүдделі тараптармен қарым-қатынас құра отырып, оларды жауапты болуға, этикалық нормаларды ұстануға шақырамыз.

Jusan шешім қабылдау, өз саясатын жүзеге асыру және орнықты даму саласында ақпаратты жариялау барысында тараптардың мүдделерін, қажеттіліктерін ескереді. Кері байланысты, ішкі және сыртқы коммуникация арналарын үнемі жақсартып отырады. Jusan Банктің мүдделі тараптарға ықпалын және олардың өз қызметіне әсерін бағалау арқылы мүдделі тараптардың тізімін үнемі жаңартып отырады.

Jusan-ның мүдделі тараптар әлемі



JUSAN-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ

Мүдделі тараптар



Клиенттер


Ең маңызды қарым-қатынас тәсілдері

- Филиалдар желісі, филиалдар желісінің мамандары (дербес банк қызметтері, бизнес-консультанттар, т.б.)
- Клиенттерге қызмет көрсету, өнімдер мен қызметтерді ұсыну, соның ішінде қашықтан қызмет көрсету
- Банктің қаржылық қызметтері мен өнімдері туралы ақпаратты клиенттердің әртүрлі категориялары үшін жариялау
- Клиенттердің қанағаттануы мен қажеттіліктерін өлшеу
- Колл-орталықтар, цифрлық арналар мен әлеуметтік желілер арқалы байланыс
- Корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, сайт)
- Клиенттердің шағымдарын қабылдау және дереу жауап беру
- Қаржы сауаттылығын арттыру
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



Қызметкерлер

- Жоғары басшылықпен жеке кездесулер, сондақ-ақ электронды пошта, интернет арқылы жұмыс әрі кадрлық мәселелер төңірегінде онлайн-байланыс
- Қызметкерлер арасында сауалнама жүргізу
- Оқыту, кәсіби даму және біліктілікті арттыру
- Корпоративтік мәдениет пен құндылықтарды қалыптастыру
- Қызметкерлерді жұмылдыру арқылы еріктілік, спорттық, мәдени және өзге де іс-шаралар өткізу
- Кадрлық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



JUSAN-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ

Мүдделі тараптар



Акционерлер мен инвесторлар



Қоғам



Тасымалдаушылар мен серіктестер

Ең маңызды қарым-қатынас тәсілдері

- Акционерлердің жалпы отырыстары
 - Әртүрлі байланыс арналары арқылы коммуникация (кездесулер, презентациялар, электронды пошта арқылы және т.б.)
 - IR және корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, сайт)
 - Қазақстан қор нарығының сайтында ақпарат жариялау
 - Басшылық пен Банк өкілдерінің инвестициялық іс-шаралар мен конференцияларға қатысуы
 - Озық халықаралық тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару жүйесін енгізу
 - Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау
-
- Еріктілік, әлеуметтік және қайырымдылық жобалар
 - Білім беру бағдарламалары, білім беру ұйымдарымен байланыс
 - Колл-орталықтар мен әлеуметтік желілер арқылы байланыс
 - Корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, сайт), баспасөз жиындары, сұхбат
 - Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау
-
- Сауда процедуралары бойынша байланыс, тендерлер мен сатып алулар жоспары туралы ақпарат
 - Келісімшарттық байланыстар, қызмет көрсету аясында байланыс
 - Жиналыстар, кездесулер, онлайн жиын өткізу
 - Корпоративтік хабарландырулар (баспасөз хабарламалары, сайт), баспасөз жиындары, сұхбат
 - Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



JUSAN-НЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ

Мүдделі тараптар



Мемлекеттік басқару органдары, реттеушілер

Ең маңызды қарым-қатынас тәсілдері

- Банк қызметі, экология және әлеуметтік қарым-қатынастар саласында талаптар мен заңнамалық нормаларды ұстану бойынша ақпаратты толықтай және өз уақытында жариялау
- Қаржы секторын дамыту және заңнаманы жақсарту бойынша кездесулерге қатысу
- Байланыс құралдары арқылы ақпараттандыру
- Заң бойынша талап етілетін барлық төлемдер мен салықтарды жүзеге асыру
- Қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, қорытындыларды алу, заңды ұстану
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау




Коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдар

- Банк өкілдерінің конференцияларға, форумдарға және өзге де іс-шараларға қатысуы
- Қоғамдық бастамалар мен жобаларға қайырымдылық және демеушілік қолдау көрсету
- Қаржы секторы бойынша сауалнамалар мен зерттеулер жүргізу
- Қайырымдылық жарналары
- Коммерциялық емес және қоғамдық ұйымдардың үндеулеріне жауап беру



Бұқаралық ақпарат құралдары

- Банк сайтында, әлеуметтік желілер мен БАҚ-та үнемі жарияланып отыру және контентті жаңартып отыру
- Баспасөз хабарламаларын тарату
- Банк өкілдерінің конференцияларға, форумдарға және өзге де іс-шараларға қатысуы
- Баспасөз жиындарын, брифингтер мен өзге де медиа іс-шараларын өткізу
- Қаржы нәтижелерін және маңызды қаржылық емес ақпаратты жариялау



тарау 02

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА

21

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- GRI 102-18,
- 102-19,
- 102-20,
- 102-23,
- 103-1,
- 103-2,
- 103-3,
- 405-1

Jusan жария компания болғандықтан корпоративтік басқару мен іскерлік этиканың озық стандарттары бизнестің орнықты дамуын қамтамасыз етіп, ұзақ мерзімді ESG тәуекелдерінің жүзеге асу қаупін азайтады.

Jusan комплаенс мәдениетін дамытуды және енгізуді жалғастыруда. Ол қызметкерлер мен жалпы Банк аясында қарым-қатынас негізін қалыптастырады.

Банктің қызметі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін тиімді және корпоративтік басқару кодексінде бекітілген корпоративтік басқарудың ашық жүйесіне негізделеді. Jusan стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу, операциялық және қаржылық тиімділікті одан әрі арттыру үшін корпоративтік басқару жүйесін және комплаенс-рәсімдерді кезекпен жетілдіру тәжірибесін ұстанады.

Біз жұмыскерлерімізден кәсіби, адал және заң аясында салалық стандарттарға сәйкес қызмет етуін талап етеміз.

Негізгі құрам бөліктері: адам құқықтарын, сантүрлілік және инклюзивтілік қағидаттарын сақтау, кемсітудің кез келген түріне, балалар еңбегі мен мәжбүрлі еңбекке қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа қарсы берік менеджмент, жұмыскерлер үшін қолайлы және лайықты еңбек жағдайларын қалыптастыру, өтініштер мен шағымдардың жұмыс жүйесінің болуы. Банк алдыңғы қатарлы әлеуметтік және экологиялық стандарттар мен клиенттермен жұмыс істеу қағидаттарын, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік менеджмент жүйесін енгізуде.

Директорлар кеңесінің құрамын жасақтау кезінде қызмет барысын неғұрлым тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін факторлар ескеріледі, оның ішінде: біліктілігі, тәжірибесі, іскерлік және өзге де қасиеттері; Директорлар кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелігіне кіру кезінде этностық және нәсілдік ерекшеліктері, жынысы немесе өзге топтарға қатыстылығы бойынша шектеулер жоқ.

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша банк қызметінің негізгі бағыттары мен даму стратегиясын айқындайтын Директорлар кеңесінің құрамында екі тәуелсіз директорды қоса алғанда, 5 директор бар.

Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында көзделген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды. Олар банк қызметі мен халықаралық қаржы жүйесінің түрлі аспектілері бойынша терең білім мен тәжірибеге ие.

Директорлар Кеңесінің барлық мүшелері – 30 жастан асқандар. Олардың үшеуі Қазақстан Республикасының азаматтары, біреуі – Жапония азаматы, тағы бірі – Италия азаматы.

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстары сұраныс бойынша апта сайын ұйымдастырылады. 2021 жылы Директорлар Кеңесінің 61 отырысы өткізілді, оның ішінде 6 күндізгі отырыс және 55 сырттай отырыс болып өтті, жиналыстар барысында 397 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесі қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, қоғамның қызметіне бақылау жүргізумен айналысады, сондай-ақ басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның басшысы мен мүшелерін сайлауды, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды айқындайды. Басқарма Төрағасы сонымен қатар Директорлар кеңесінің төрағасы бола алмайды.

Басқарма Банк қызметіне басшылық жүргізу бекітілген бизнес-модельге және тәуекел-бейінге сәйкес жүзеге асырады. Басқарма заңнамаға, Жарғыға және акционерлердің, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, өз өкілеттіктеріне сәйкес Банкті басқаруға жауапты.



Екі тәуелсіз директорды қоса алғанда

5 директор бар

JUSAN-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ



Корпоративтік мәдениет кодексі



Корпоративтік басқару кодексі



Жемқорлық әрекеттерді ескерту және болдырмау саясаты



Кадрлық саясат



Ақпараттық қауіпсіздік жағдаяттарын басқару бойынша регламент және басқа да саясаттар мен ішкі құжаттар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

АШЫҚТЫҚ

ЖАУАПКЕРШІЛІК

ӘДІЛЕТТІЛІК

КӘСІБИЛІК

Корпоративтік басқару қағидаттары – Банктің корпоративтік басқару жүйесін қалыптастыру, қызмет ету және жетілдіру негізінде жатқан бастапқы ұстанымдары.

- Акционерлерді Банк қызметіне араласуға байланысты өз құқықтарын қолдануға мүмкіндік беру;
- Директорлар кеңесінің банк қызметін стратегиялық басқаруды және оның тарапынан Басқарма қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз етуі, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің акционерлердің жалпы жиналысына есеп беруі;
- Банк Басқармасының қызметті тиімді басқаруын жүзеге асыру, сондай-ақ Басқарманың Директорлар кеңесіне және оның акционеріне есеп беруін қамтамасыз етуі;
- Банк акционерлері мен инвесторларына оң шешімдер қабылдауға мүмкіндік беру үшін банк туралы, сонымен қатар оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы

толық және шынайы ақпаратты өз уақытында жариялауды қамтамасыз ету;

■ Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған мүдделі тұлғалардың, оның ішінде банк қызметкерлерінің құқықтарын есепке алу және банк активтерін, Банк акциялары мен өзге де бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында банк пен мүдделі тұлғалардың бірігіп белсенді қызмет етуге ынталандыру;

■ Акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында банктің қаржы-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жүргізу.

ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Jusan ESG саласындағы корпоративтік басқарудың сапасы мен тиімділігін бизнестің табыстылығының маңызды бөлігі деп есептейді. Орнықты даму мәселелерін басқару банк шеңберіндегі барлық деңгейде басқару жүйесіне кезең-кезеңмен енгізілетін болады.

2021 жылы басталған бизнесті ESG-трансформациялау аясында орнықты даму ды корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін бейімдеуге бағытталған әрекеттерді кезек-кезек іске асыруға кірісті. Одан бөлек, Банк ESG саласындағы ішкі нормативтік базаны жетілдіруді; қызметкерлердің құзыреттерін арттыруды; ESG мәселелеріне мамандандырылған жаңа басқару органдарын құруды; экологиялық және экологиялық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруды, әлеуметтік тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруда.

Орнықты даму саласында халықаралық есеп беру стандарттарына өту көзделуде.

Орнықты дамуды басқару моделі:

■ Директорлар кеңесінің қызметі – орнықты даму мәселелерін стратегиялық жоспарлауды қадағалау, Банктің орнықты даму саласындағы қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындау және негізгі ішкі құжаттарды бекіту.

■ Директорлар кеңесінің консультациялық комитеті – ұсыныстарды әзірлеу және директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған Стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар, әлеуметтік аспектілер және өзге де бағыттар сияқты мәселелерді терең ойластыру.

■ Басқарма төрағасы – Банктің қызметіне және атқарушы деңгейде Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру процесіне жетекшілік ету, корпоративтік ESG күн тәртібіне тартылған құрылымдық бөлімшелерді қадағалау, тиісті бөлімшелер арасында орнықты даму саласындағы міндеттерді тарату.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді құндылықты құру мақсатында Jusan-ның тиімді ESG-трансформациясына бағыт ала отырып, ESG әртүрлі бағыттары бойынша мәселелерді басқаруға, үйлестіруге және бақылауға тартуды ұмтылады.

Бұл орнықты даму саласындағы корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру көзделеді дегенді білдіреді.

ESG бойынша жұмыс тобын, Банктің Басқарма мүшелері мен жетекші құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын қамтитын тұрақты жұмыс істейтін топты құру - Банктің ESG трансформациясы шеңберінде банктің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша ұжымдық білім базасын құру және дамытудағы функционалдық әрекетіндегі негізгі қадам.

Jusan мониторингті жүзеге асыруды және энергия мен ресурсты үнемдеуді қоса алғанда, жұмыс процестерінің экологиялық тиімділігін басқарудың үздік тәжірибелерін имплементациялауды жалғастырмақ.

■ Басқарма төрағасы бастаған басқарманың барлық мүшелерінің қатысуымен ESG жөніндегі жұмыс тобы (2022 жылы құрылған) — орнықты даму саласындағы негізгі шешімдер мен бастамаларды, іс-шаралар мен іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және енгізуге жәрдемдесу, корпоративтік ESG күн тәртібі бойынша Jusan негізгі құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру.

■ Корпоративтік коммуникациялар қызметі – банктің ESG күн тәртібі бойынша жұмысына және Банктің ESG-трансформациясын іске асыруға жәрдемдесуге жауапты құрылымдық бөлімше.


■ Басқа құрылымдық бөлімшелер – орнықты дамудың профильді бағыттарымен байланысты міндеттерді орындау, Қазақстан Республикасының жергілікті нормативтік актілерінің және Банктің орнықты даму саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.



JUSAN ҰЖЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Стандарттар

GRI 102-18



Ескерту:

Орнықты дамуды басқаруда негізгі рөл атқаратын басқару органдары мен Банк құрылымдары сұр түспен белгіленген

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2022 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша



**ШИГЕО
КАТСУ**
Директорлар
кеңесінің
төрағасы



**НҰРДӘУЛЕТ
АЙДОСОВ**
Директорлар
кеңесінің
мүшесі



**САНЖАР
ЖАМАЛОВ**
Директорлар
кеңесінің
мүшесі –
тәуелсіз
директор



**ДЖОВАННИ
КАПАННЕЛЛИ**
Директорлар
кеңесінің
мүшесі –
тәуелсіз
директор



**ЕВГЕНИЙ
ПАН**
Директорлар
кеңесінің
мүшесі

ІСКЕРЛІК ЭТИКА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

Банк мүддері тараптардың сеніміне ие болу үшін, үнемі қызметінің және қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің ең жоғары этика стандарттарына сай екеніне көз жеткізіп отыруы керек. Біздің әрбір қабылдаған шешіміміз клиенттерге, акционерлерге, қызметкерлерге, өзге де мүдделі тараптар мен барша қоғамға әсер етеді.

Jusan заңға және корпоративтік құндылықтарға бағыну негізінде бизнесті әділетті әрі жауапты жүргізу деген принципті ұстанады. Сонымен қатар әрбір қызметкер мен мүдделі тараптардың пікірі ескерілетін ашықтық мәдениетін қолдайды.

Jusan тиімді корпоративтік мәдениет Банктің қызметі сәтті болуының негізгі факторы екенін жетік түсінеді.

Банк корпоративтік мәдениетті қызметкерлер әрекеті және сенімдері негізінде құрады. Бұл бизнес стратегияны сәтті жүзеге асыру үшін де, жан-жақты, сан түрлі ұжымды ортақ корпоративтік мақсаттарға бірге жетуге біріктіру үшін де қажет.

Біз кез келген алаяқтық, жемқорлық, бәсекелестік ережелерін бұзу, дискриминация және қысым көрсету әрекеттеріне қарсымыз.

Корпоративтік мәдениет кодексі және оның негізін құрайтын Ережелер Банктің құндылықтарын көрсетеді және қызметкерлер мен іскерлік серіктестер үшін ортақ болып табылады.

Біз корпоративтік мәдениет кодексі Банктің, мүдделі тараптар мен біз қызмет етіп, өмір сүретін қауымдастықтардың игілігі үшін жауапты әрекет етуге көмектеседі деп есептейміз.

Корпоративтік мәдениет кодексі-Банктің барлық қызметкерлеріне қатысы бар этика принциптерін құрайтын негізгі корпоративтік құжат.

Кодекс корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және әрбір қызметкердің еңбек өнімділігін арттыруға, өзара байланысты жақсартуға, еңбек этикасы мен іскерлік мәдениетке қатысы бар қиын жағдай туындаған сәтте оларға бағыт беруге арналған.

Корпоративтік мәдениет кодексі Банктің барлық қызметкерлері үшін олардың қызметінің деңгейіне қарамастан бірдей ережелерден тұрады. Сондай-ақ қызметкерлеріміз Банк олардан не күтенінін түсіну үшін ашық, жан-жақты және инклюзивті орта қалыптастыруға бағытталған.

Банк корпоративтік мәдениет кодексін тиімді енгізу үшін өз қызметкерлерінің оның принциптері қағидалары туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге талпынады. Барлық қызметкерлер корпоративтік мәдениет Кодексі туралы толық ақпарат алулары маңызды.



**JUSAN ТИІМДІ
КОРПОРАТИВТІК
МӘДЕНИЕТ БАНКТІҢ
ҚЫЗМЕТІ СӘТТІ
БОЛУЫНЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ
ЕКЕНІН ЖЕТІК
ТҮСІНЕДІ.**

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Jusan Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық стандарттарға сәйкес адам құқықтарын мүлтіксіз сақтанатынын ерекше атап өтеді.

Банк адам құқықтары саласында келесі негізгі нормативтік құқықтық актілерге сүйенеді:

Халықаралық

- БҰҰ ғаламдық келісімшарты.
- Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы.
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті.
- Кәсіпкерліктің басқарушы қағидалары мен БҰҰ адам құқықтарының аспектілері.
- Еңбек саласында негізгі қағидалары мен құқықтар.
- Халықаралық еңбек ұйымының еңбек саласындағы негізгі қағидааттар мен құқықтар туралы декларациясы.

Ұлттық

- Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

Корпоративтік

- Корпоративтік мәдениет кодексі.
- Жемқорлық іс-әрекеттердің алдын алу және қарсы әрекет ету саясаты.
- Өзге ішкі құжаттар.

Jusan мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізу, тәуекелдер мониторингі және озық практикаларды енгізу арқылы адам құқықтарын қолдаудың корпоративтік тәжірибелерін жетілдіруге ниетті.

Адам құқықтары жөніндегі міндеттемелерін көрсету үшін Jusan қолданыстағы ішкі құжаттарға қосымша Адам құқықтары саласын-

Біз барлық адамдар жынысына, дініне, этникалық және нәсілдік тегіне, әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына немесе басқа белгілері мен ерекшеліктеріне қарамастан еркін және тең құқылы деп есептейміз.

Jusan жоғарыда аталған белгілер мен ерекшеліктер бойынша кемсідудің және адамның қадір-қасиетіне қол сұғуға жол бермейді, сондай-ақ адам құқықтарын құрметтемеу мен сақтамауды, балалар еңбегінің, мәжбүрлі еңбектің, адам саудасының, оның ішінде өз серіктестері тарапынан жасалатын кез келген белгілерін қабылдамайды. Барлық қызметкерлерге, олардың саяси көзқарастарына, өмір салты мен дүниетанымына қарамастан, құрмет көрсетіледі және талап етіледі.

Кемсідуден қорғалмай жатырмын деп санайтын қызметкерлер қолжетімді байланыс арналары арқылы көмекке жүгінуге құқылы.

Есеп беру кезеңінде банкте жынысы, діні, этникалық және нәсілдік белгілері, әлеуметтік шығу тегі, мүліктік жағдайы немесе кемсідудің басқа нысандары байланысты расталған жағымсыз оқиғалар болған емес.

Банкте еңбек заңнамасының барша нормалары – жұмысшылардың жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі сақталады. Соның арқасында жұмыс пен жеке уақыт арасындағы тепе-теңдік бұзылмай жеке өмір сүру құқығы қамтамасыз етіледі.

Банк өз қызметі шеңберінде адам құқықтары саласындағы кез келген қолайсыз оқиғаларды мен олардың салдарын анықтауға және болдырмауға ұмтылады.

дағы корпоративтік саясатты, сондай-ақ сантүрлілік пен тең мүмкіндіктер саясатын қабылдау мүмкіндігін зерттейді.



**JUSAN БЕЛГІЛЕР
МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР
БОЙЫНША
КЕМСІДУДІҢ
ЖӘНЕ АДАМНЫҢ
ҚАДІР-ҚАСИЕТІНЕ
ҚОЛ СҰҒУҒА ЖОЛ
БЕРМЕЙДІ.**

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Jusan сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрін құптамайды. Біз нәлдік төзімділік қағидатын ұстана отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қатаң бақылауды және алдын алуды жүзеге асыру үшін барлық мүмкін шараларды жүзеге асыруға тырысамыз.

Банк Қазақстан Республикасының Конституциясын, ұлттық заңнаманы, халықаралық және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді мүлтіксіз сақтайды.

Есепті кезеңде Банкте расталған сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар анықталған жоқ.

2021 жылы директорлар Кеңесі банктегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәсілдерді реттейтін негізгі ішкі құжат болып табылатын сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттердің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі Ережелерді бекітті.

Ережелер банк қызметкерлерінің құқыққа қайшы, әдепке жат, сыбайлас анықтау, барынша азайту және болдырмау мақсатында әзірленді. Ол барлық қызметкерлерге Қазақстан Республикасы заңнамасының және қолданылатын халықаралық құқық нормаларының талаптарын, оның ішінде ықтимал бұзуы мүмкін жағдайлар мен әрекеттердің алдын алу және жолын кесу үшін сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің мәнін, олардың нысандары мен көріністерін бірыңғай түсінуді қалыптастыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кезінде Банк мынадай қағидаттарға сүйенеді:

- заңдылық пен этика;
- сыбайлас жемқорлық пенонның жемқорлықтың кез келген түріне қарсылық білдіру;
- корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне және сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне теріс қарым-қатынасты;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне, оның ішінде Банкте мүдделер қақтығысына жол бермеу;
- Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысқа белсенді қатыстыру.

Банк Басқармасы банк қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін жауапты болады, банк қызметкерлерінің саясат талаптарын орындауы бойынша жалпы бақылауды жүзеге асырады. Банктің бөлімшелері мен филиалдарының басшылары сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл бойынша тұрақты негізде бақылау мен мониторинг жүргізуге міндетті.

Банк сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша тұрақты негізде бақылау мен мониторинг жүргізуге міндетті.

Комплаенс бақылау блогы берілген өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкес сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қарсы іс-қимыл саласында қызметтік тексерулер мен тергеулер жүргізуге бастамашылық жасауға, сондай-ақ қатысуға құқылы.



**JUSAN СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ
КЕЗ КЕЛГЕН ТҮРІН
ҚҰПТАМАЙДЫ.**



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Банк жеке және заңды тұлғалармен шарттық және өзге де іскерлік қатынастар орнатқан кезде саясаттың талаптары сақталады. Мердігерлермен және тасымалдаушылармен жасалған шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескерулер енгізіледі.

Банк клиенттермен, контрагенттермен және сыбайлас жемқорлық қызметке тартылған немесе тартылуы мүмкін басқа да адамдармен іскерлік қатынастар орнату кезінде Қазақстан Республикасының қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу тәуекелін барынша азайту үшін қалыптасқан жағдайларда барынша күш жұмсайды. Осыған байланысты Банк:

- потенциалды клиенттердің, контрагенттердің және басқа да тұлғалардың, олардың акционерлерінің (қатысушыларының) және бенефициарлық меншік иелерінің іскерлік беделіне банкте белгіленген тәртіпке сәйкес, оның ішінде жалпыға қолжетімді көздерде теріс ақпараттың болуы тұрғысынан талдауды жүзеге асырады;

- потенциалды клиенттерді, контрагенттерді немесе басқа да тұлғаларды Банктің саясатта белгіленген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттары мен талаптары туралы, оның ішінде аталған тұлғалармен Банк жасасатын келісімдерге (шарттарға) тиісті сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізу арқылы хабардар етеді;

- олардың сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар мен талаптарды сақтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттердің алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге дайындығын назарға алады.

Банк өз қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жөніндегі ережелеріне оқытады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың саясаты мен әдістері туралы хабардар ету және оларды оқыту

Ұйымда бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістері туралы хабардар ету	2021, адам
Негізгі басқару органдарының арасында ақпараттандырылған мүшелерінің жалпы саны	12
Ақпараттандырылған қызметкерлердің жалпы саны	5815
Жемқорлыққа қарсы ережелер мен тәсілдерді оқыту	2021 адам
Негізгі басқару органдарының арасында оқудан өткен мүшелерінің жалпы саны	1
Оқудан өткен қызметкерлердің жалпы саны	4869

ҚАРЖЫ ҚЫЛМЫСТАРЫМЕН КҮРЕС

GRI 102-16,

102-21

Jusan қаржылық қылмыстарға, нормативтік талаптардың бұзылуына және Банктің саясаты мен қаржылық қылмыстарға қатысты тиісті бақылау шараларын ескермейтін кез келген әрекеттерді болдырмауға тырысады.

Қаржы қылмыстарына қарсы күрес жөніндегі мүмкіндіктерді үздіксіз жетілдіру Банктің тұтастығы мен беделін қорғау үшін аса маңызды басымдық болып қала береді. Біз үшін қаржылық қылмыстарға байланысты тәуекелдерге барынша төтеп беру аса маңызды.

Қаржы қылмыстарын болдырмау, анықтау және олар туралы хабардар ету-банк қызметінің ажырамас бөлігі. Қаржылық қылмыстарға қарсы күресте Jusan реттеуші органдармен және билікпен қызметін біріктіреді.

Тиімді бақылау жүргізу және клиенттеріміздің жақсы тану- қаржы қылмыстарымен күресудің маңызды құрамдас бөлігі. «Өз клиентіңді тани біл» процедуралары арқылы бақылау барлық қолданушылардың тәуекелдерін ескеруге және уақытылы тексерулерге жататындығына кепілдік береді.

Барлық қызметкерлер атқаратын лауазымына қарамастан, қаржылық қылмыстарға қарсы күресте дұрыс іс-әрекет етуге міндетті. Қатерлерді басқару мәдениетін арттыруға назар аударуды ескере отырып, қызметкерлерді ақпараттандыру деңгейін арттыру бойынша үнемі күш салу қаржы ұрлығымен, терроризмді қаржы-

ландырумен және халықаралық санкцияларды айналып өтумен байланысты тәуекелдерді алдын ала анықтауға, сондай-ақ оларды барынша азайту бойынша жедел және алдын алу шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Jusan іс-әрекеті қызметкерлерге Банктің нормативтік міндеттемелерін, сондай-ақ қаражат ұрлау сияқты нақты қаржы қылмыстарының негізгі тетіктерін түсінуге және тәуекелдерді анықтау мен басқаруға бағытталған.

БІЗ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ БАРЫНША ТӨТЕП БЕРУ АСА МАҢЫЗДЫ.



МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

Jusan өз қызметінде Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке мүдделері мен олардың кәсіби міндеттері арасындағы қақтығысқа жол бермеуге тырысады.

Есепті кезеңде банкте мүдделер қақтығысына байланысты нақты жағдайлар мен жағымсыз оқиғалар болған жоқ.

Jusan-да қызметкерлер кәсіптік міндеттерін орындау барысында туындауы мүмкін мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөнінде кешенді шаралар қабылданды.

Мүдделер қақтығысын басқарудың маңызды шараларының ішінде төмендегілерді атап өтуге болады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес қызметкерлердің міндеттерін мұлтіксіз орындауы.
- Құрылымдық бөлімшелердің жауапкершілігі, әр қызметкердің өкілеттіктері мен жауапкершілігі нақты анықталған теңдестірілген ұйымдық құрылымның болуы.
- Қызметкерлердің өз туыстарын жұмысқа алуына, міндеттерді үлестіру мен олардың орындалу тиімділігін ықпал ету мүмкіндігіне шектеу қою.

■ Мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерді болдырмау, атап айтқанда, қызметкерлер өздері не олардың отбасы мүшелері жеке байланыстары немесе қаржылық мүдделері бар адамдарды тартуды көздейтін операциялар немесе мәмілелер жасауға қатысудан бас тартуы тиіс.

■ Jusan мүдделеріне қайшы келетін коммерциялық мәмілелерді жасау үшін пайдалануы мүмкін құпия ақпаратты өзге тұлғаларға беруге тыйым салу.

■ Сыйақы болып саналатын немесе банктің іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін қандай да бір сыйлықтарды ұсынуға, беруге немесе алуға тыйым салу.

Jusan компаниясының лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ешбір қызметі банк алдындағы міндеттемелерін бұзбауы немесе оның беделіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Банк ресурстарын өз мүддесіне пайдалануға тыйым салынады. Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өз әрекеттерінің сипатын ескеруі және мүдделер қақтығысы ретінде қабылдануы мүмкін жағдайларды болдырмауы қажет.

Банкте мүдделер қақтығысының белгілерін анықтауға бағытталған бақылау жұмыстары жүзеге асырылады. Мүдделер қақтығысын бақылау және комплаенс бақылау тиісті блоктың жауапкершілігіне кіреді.

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ БАНКТЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ НАҚТЫ ЖАҒДАЙЛАР МЕН ЖАҒЫМСЫЗ ОҚИҒАЛАР БОЛҒАН ЖОҚ.



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-БАҚЫЛАУ

Ішкі бақылаудың тиімді жүйесі-Jusan компаниясының ұзақ мерзімді орнықты дамуының маңызды факторы.

Есепті кезеңде Банк әлеуметтік-еңбек және экономикалық салалардағы Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері мен талаптарын бұзған жоқ. Қаржылық реттеуші тарапынан қандай да бір шектеулер болмады.

Банктің ішкі бақылау жүйесі сенімділік деңгейін көтереді. Комплаенс-бақылауды жүзеге асыру-ішкі бақылау жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі. Jusan-да ішкі бақылау рәсімдерін және комплаенс-рәсімдерді әзірлеу реттеушінің талаптары мен озық халықаралық тәжірибелерді ескеріле отырып, кешенді жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау ережелері нарықтық жағдайға, стратегияға, активтердің көлеміне, банк операцияларының күрделілігіне сәйкес келетін ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін белгілейді. Ережелерді Банктің барлық органдары, құрылымдық бөлімшелері мен филиалдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері орындауға міндетті, сондай-ақ еншілес ұйымдарда сақтауға ұсынылады. Ішкі бақылау саясатының іске асырылуын Басқарма бақылайды.

Jusan ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуінің негізі мынадай өзара байланысты элементтер болып табылады: басқарушылық бақылау және бақылау мәдениеті (бақылау ортасы); тәуекелдерді басқаруды бақылау; бақылау іс-әрекеттері және өкілеттіктерді бөлу (бақылау рәсімдері); ақпарат және өзара іс-қимыл; мониторинг және кемшіліктерді түзету.

Ішкі бақылау жүйесі мынадай қатысушыларды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- Директорлар кеңесі;
- Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер;
- Басқарма жанындағы комитеттер;
- Ішкі бақылау жүйесін қорғаудың бірінші желісі;
- Ішкі бақылау жүйесін қорғаудың екінші желісі;
- Ішкі бақылау жүйесін қорғаудың үшінші желісі.

Ішкі бақылауды Директорлар кеңесі, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелер және өзге де құрылымдық бөлімшелер, Jusan қызметкерлері жүзеге асырады. Ішкі бақылау тиімділігін бағалауды ішкі аудит бөлімшесі жүргізеді.

Бақылаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында банкте ішкі бақылау қызметі жұмыс істейді, оның міндетіне Басқарма мен Директорлар кеңесіне ішкі бақылаудың тиімді жүйесін енгізуге жәрдемдесу, сондай-ақ банкте тиісті жүйені құруды үйлестіру кіреді.

Комплаенс-бақылау функциялары басқарушы директор – бас комплаенс бақылаушыға және оған есеп беретін бөлімшелерге жүктелген. Басқарушы директор – бас комплаенс бақылаушы директорлар Кеңесіне жасалған жұмыс туралы үнемі есеп береді.

Комплаенс-тәуекелдерді басқару процестері мен рәсімдерінің тиімділігін бағалауды ішкі аудит бөлімшесі жүргізеді.

Банктегі ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының негізі – тәуекелдерге бағытталған тәсіл. Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы тәуекелдерді басқару процестерімен тығыз байланысты емес, оның нәтижесінде ішкі бақылау жүйесінің тиімді тетіктерін пайдалана отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі әдістерді уақытылы және тиімді қолдану қамтамасыз етіледі.



**ІШКІ БАҚЫЛАУДЫҢ
ТИІМДІ
ЖҮЙЕСІ-JUSAN
КОМПАНИЯСЫНЫҢ
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ
ОРНЫҚТЫ ДАМУ
ЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ
ФАКТОРЫ.**

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ТИІСТІ ДЕҢГЕЙДЕГІ САҚТЫҚ

Jusan Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экологиялық заңнамасының талаптары мен нормаларын мүлтіксіз сақтауға талпынады, сондай-ақ халықаралық келісімдердің, оның ішінде адам құқықтары жөніндегі келісімдердің ережелері мен қағидаттарын ескереді.

2021 жылы банкте Еңбек және табиғатты қорғау заңнамасы мен нормативтік актілерді сақтамағаны үшін айыппұлдар болған жоқ.

Банкте корпоративтік тұрақтылықты арттыруға ықпал ететін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың көпсатылы жүйесі жұмыс істейді. Банк комплаенс рәсімдері арқылы өз қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларына сәйкестігін тұрақты түрде бақылайды.

Банк маңызды тәуекелдер ретінде мыналарды ерекше атап көрсетеді: капитал жеткіліктілігі тәуекелі, несиелік тәуекел; нарықтық тәуекел (валюталық, пайыздық, бағалық); өтімділік тәуекел. Банк несиелік беру саласында аталған тәуекелдерден басқа, әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді ескеруге ниетті.

ESG тәуекелдерін басқару оларды Банктің тәуекелдерді басқарудың жалпы жүйесіне біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Jusan компаниясы өзінің қоршаған ортаға және адамға әсерін бағалау әдістемесін жетілдіруге ұмтылады.

Жақын аралықта орнықты даму тәуекелдерін басқару екі басым бағытқа негізделеді:

- Банктің өз қызметін жүзеге асыруы нәтижесінде қоршаған ортаға тікелей әсер ету тәуекелдерін бағалау. Қызмет ерекшелігіне байланысты, сондай-ақ қолайсыз әсерді төмендету бойынша әзірленетін

іс-шараларды ескере отырып, банктің қоршаған ортаға тікелей әсер ету тәуекелдері аз ғана деп бағаланады.

- ESG тәуекелдерін капитал жеткіліктілігін бағалаудың Ішкі процесіне (ICAAP) қосу, несиелік, операциялық, нарықтық және өтімділік тәуекелдерін басқару стратегиясымен интеграциялау. Jusan несиелік және операциялық тәуекелдерді талдау мен басқарудың кешенді жүйесі шеңберінде тұрақты негізде ESG тәуекелдерін бағалауға және бақылауға көшуге ниетті.

Jusan қызметі қолданыстағы заңнамаға сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалауға келмейді. Дегенмен біз алдын алу және жұмсарту шаралары мен бастамаларын қолдану арқылы қоршаған ортаға және қоғамға тікелей және жанама әсерімізді жауапкершілікпен басқару мақсатында тиісті бағалау шараларын жасап жатырмыз.

Jusan әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қатысты сақтық қағидаларын берік ұстанады.

Банк жаһандық банк секторында қолданылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін озық тәжірибелер мен стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз етуге ұмтылады, оның ішінде мыналарды назарға алынады:

- БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (UNEP FI) қаржы бастамасының жауапты банктік қызметінің қағидаттары.
- Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (GRI) стандарттары.
- Еуропа орталық Банкі SREP (Supervisory Review and Evaluation Process) моделіне негізделген тәуекелге бағытталған бақылау.
- ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001 стандарттары.
- Парниктік газдарды ұлттық инвентаризация нұсқаулары, МГЭИК.
- Парниктік газдар туралы хаттама (Greenhouse Gas Protocol).



САЛЫҚТАР

Jusan салықтардың мемлекеттік қаржы саласында атқаратын маңызды рөлін және қоғамның ұзақ мерзімді мақсаттарға, оның ішінде БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына және Климат жөніндегі Париж келісіміне сәйкес қол жеткізу мүмкіндігін ескереді.

Банк – ашық салық есебін жүргізетін және мемлекеттік бюджет пен Банк мүдделерінің барынша тең балансын қамтамасыз ететін теңдестірілген салық есепке алу саясатын қолданатын ірі салық төлеуші.

Банк Қазақстан Республикасының салық салу саласындағы заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтауды. Атап айтқанда, біз қолданыстағы заңнамаға сәйкес салық декларациялары мен басқа да құжаттарды көрсетіп, салықтарды тиісті мөлшерде және мерзімдерде төлеуге байланысты барлық міндеттемелерді уақытылы орындауға тырысамыз.

Салық саясаты ішкі құжат Jusan директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген салықтық есепке алу саясатымен (бұдан әрі – СЕС) айқындалады. Ол Салық кодексіне және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына, банктің есеп саясатына және Банктің жекелеген бизнес-процестерін, сондай-ақ банктік және шаруашылық операцияларды есепке алуды реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес әзірленген.

СЕС салық міндеттемелерін орындау бойынша Jusan қандай әдіс-тәсілдер қолданатынын айқындайды, Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, салық есебін жүргізу және салық есептілігі үшін ақпаратты жариялау үшін банк қолданатын тәсілдер мен әдістерді белгілейді.

Салық салу объектілерін, салық сомаларын есептеу мақсаттары үшін кірістер мен шығындарды анықтау үшін лауазымдық міндеттеріне Jusan салық міндеттемелерін орындауды бақылау кіретін банк қызметкерлерінің шоғырландырылған пікірін пайдалана отырып жүзеге асырылады. Бұл қызметкерлердің кәсіби пікірі әрқашан ақылға қонымды тексеру қағидаттарына негізделеді және мемлекеттік органдардың позициясы, салықтық бақылау нәтижелері және басқа салық төлеушілердің салықтық есепке алу практикасы және шешім қабылдау процесіне әсер етуі мүмкін басқа факторлар туралы тұжырымдарды қамтиды.

Банк анықталмаған салық позицияларына қатысты шешім қабылдау процесінде консервативті тәсілге жүгінеді. Мұндай тәсілді қолдану салық органдарының салық заңнамасының нормаларына қатысты позициясының басымдылығын мойындауды білдіреді, оны орындау тәртібі анық емес.

Jusan агрессивті салықтық жоспарлау және салық төлеуден жалтару схемаларын қолданбайды, оның ішінде салық салу мақ-

БАНК ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЛЫҚ САЛУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫН МҮЛТІКСІЗ САҚТАЙДЫ.



САЛЫҚТАР

саттары үшін уәкілетті салық органдарымен бірлесіп қызмет етпейтін салықтан жалтару немесе тиісті юрисдикцияларды пайдалануды құптамайды. Банк клиенттерге салықтық кеңес бермейді және салық төлеуден жалтаруға байланысты қызметтерді, өнімдерді немесе мәмілелерді жасатпайды.

Банктегі салық басқармасының құрылымы мен салықтық бақылау жүйесі СЕС және салықтық әкімшілендіру басқармасы туралы Ережеге сәйкес айқындалады. Салық міндеттемелерін сақтау және тиісті бақылау жүйесі бірнеше деңгейде қамтамасыз етіледі.

СЕС-ті ұстану үшін жауапкершілік Банктің Басқарма Төрағасына және бас есепшісіне жүктеледі.

Басқарма төрағасының орынбасары әрі қаржы директоры бастаған қаржы блогының құрамына кіретін салықтық әкімшілік басқармасы салықтық есепке алуды жүргізуді, салық органдарына есептілікті жүргізу мен жасауды қосқанда, салық салу саласы үшін жауапты бөлімше болып табылады. Салықтық әкімшілендіру басқармасы Банктің ішкі бақылау жүйесін қорғаудың бірінші желісінің қатысушысы ретінде СЕС орындалуына жалпы бақылауды тұрақты негізде жүзеге асырады.

Тиісті мәселелердің мониторингі ішкі бақылау және сыртқы аудитті ұйымдастыру шаралары есебінен күшейтіледі. Салықтық

тәуекелдер ішкі процестерге сәйкес анықталады, басқарылады және бақыланады.

Салықтық құқық бұзушылықтар туралы күдіктер мен жайттар туралы комплаенс қызметінің белгіленген байланыс арналарын пайдалана отырып, Банк ішінде де, сыртқы тараптарға да хабарлауға болады.

БАНКТЕГІ САЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН САЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ СЕС ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ СӘЙКЕС АЙҚЫНДАЛАДЫ.

ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫ ЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ

Jusan компаниясының күнделікті қызметіне этикалық қағидаттар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты енгізу құралдарының бірі қақтығыстарды елеу және корпоративтік мәдениет Кодексін, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу және қарсы әрекет ету саясаты мен басқа Корпоративтік құжаттар мен құндылықтарды бұзу жағдайларын тиімді анықтауға мүмкіндік беретін бұзушылықтар туралы хабарлау болып табылады.

Jusan қызметкерлерден құқық бұзушылықтар, болжамды құқыққа қарсы әрекеттер және күдікті оқиғалар туралы дереу және ашық хабарлама күтеді. Банк тәртіп бұзушылық, кемсіту

және өзге де құқық бұзушылық туралы жауапты түрде хабарлаған ақпараттандырушыға жағымсыз әсер ететін немесе қауіп тудыратын шара қолдануға шектеу қояды.

Банкке қатысты кез келген құқық бұзушылықтар, ықтимал заңға қарсы іс-әрекеттер мен күдікті оқыс оқиғалар, оның ішінде әдепсіз іскерлік тәжірибелерге әкеп соқтыратын жөнсіз мінез-құлық фактілері туралы хабардар ету жөніндегі қағидаттарды реттейтін бұзушылықтар жайлы хабардар ету процедураларын жетілдіруге ұмтылады.



БАНК КЕЛЕСІ АҚПАРАТ КАНАЛДАРЫН ҰСЫНАДЫ:

- Банк қызметкерлері құқық бұзушылықтар, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы және Банктің ішкі құжаттары талаптарының ықтимал бұзушылықтары туралы, Сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар және мүдделер қақтығысы туралы хабарлауға арналған анонимді канал.
- Басқарма Төрағасына, Басқарма мүшелеріне, Бас комплаенс-бақылаушыға, комплаенс бақылау блогына үндеу.

ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА МҮШЕ БОЛУ

GRI 102-13

**БАНК ІРІ
ҚАУЫМДАСТЫҚТАРМЕН,
ҰЙЫМДАРМЕН ЖӘНЕ
БІРЛЕСТІКТЕРМЕН
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
ЖАСАЙДЫ.**

ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ:

- ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫГЕРЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ.
- ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ.
- ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ.
- «АТАМЕКЕН» ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ.
- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ SOCIETY FOR WORLDWIDE INTER-BANK FINANCIAL TELECOMMUNICATIONS (S.W.I.F.T.) БАНКАРАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.

Банк халықаралық бастамалармен, қоғамдық және кәсіби қауымдастықтармен ESG қағидаларын дамыту сұрақтары бойынша қарым-қатынасын нығайтуға ниетті.

39

тарау 03

ЖАУАПТЫ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БИЗНЕС

40

КЛИЕНТТЕРГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУ

Клиенттерге мінсіз қызмет көрсету – Jusan брендінің негізі. Біз клиенттерге құрметпен және жоғары кәсібилікпен қараймыз, сенімді және ұзақ мерзімді қатынастар орнатамыз.

Банк клиенттердің үнемі өзгеріп отыратын қажеттіліктерін алдын ала анықтауға тырысып, жоғары сапалы шешімдерді ұсынады.

Біз үш платформа – Jusan Retail, Jusan Business және Jusan Private Banking негізіндегі экожүйені дамытуды қолға алдық. Олар арқылы әрбір клиент өзінің қаржылық сұраныстарын оңай қанағаттандыра алады.

Банк әдіс-тәсілдер:

- Қаржы өнімдері мен қызметтердің қолжетімділігі.
- Жауапты маркетингтік коммуникация.
- Клиенттердің жағдайлары мен талаптарын мұқият зерттеу.
- Жауапты сауда және өнім.
- Цифрлық және онлайн қызметтерді кеңейту.
- Клиенттерге дербес қызмет көрсету мүмкіндіктері.

Клиенттерге деген жауапты қарым-қатынас ретінде Банк мынаны түсінеді:

- Клиенттерге сапалы қаржы өнімдері мен қызметтер ұсынылады.
- Жарнамаланатын және сатылатын қаржы өнімдері, қызметтер клиенттердің белгілі бір топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған.
- Клиенттерге нақты және сенімді ақпарат уақытылы ұсынылады – біз клиенттерді қаржылық жоспарларды орындау мақсатында оларға қажет емес қаржы өнімдері мен қызметтерін сатып алуға шақырмаймыз.
- Клиенттер нақты қаржы өнімдері мен қызметтеріне байланысты елеулі тәуекелдер, шектеулер мен лимиттер туралы хабардар етіледі.
- Клиенттерге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған шарттар мен келісімшарттық талаптар беріледі.

Jusan-Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі, Қордың негізгі мақсаты-банк мәжбүрлі түрде жабылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы жинақ салымдары бойынша сақтандыру өтемінің ең жоғары сомасы 15 млн теңгеге, банктік карталар, шоттар және ұлттық валютадағы басқа депозиттер бойынша — 10 млн теңгеге дейін және шетел валютасында — 5 млн теңгеге дейін жетті.


«Өз Клиентіңді тани біл» тәжірибесі жаңа клиенттерді қолдау процесінде міндетті элемент болып табылады, бұл әр клиентті жақсы түсінуге ғана емес, сонымен қатар заңсыз ақша операцияларына қарсы тұруға да көмектеседі.

Банк өз операцияларына, қызметтері мен өнімдеріне әлеуметтік-экологиялық қағидаттарды енгізуге, сондай-ақ орнықты дамуға көшу кезінде клиенттерді қолдау үшін жауапты өнімдер ұсынысын әзірлеуге ұмтылады.

Jusan тәуекелдер мен салдарларды барынша азайту, сондай-ақ орнықты даму саласындағы жаһандық күн тәртібіне өз үлесін қосу үшін қарыз алушылар мен қаржыландырылатын жобаларды бағалау және бақылау процесінде әлеуметтік-экологиялық стандарттар мен талаптарды кезең-кезеңмен имплементациялауда.

Клиенттер саны

	2021, чел.
Бөлшек клиенттер	2 579 025
ШОБ қосқанда, корпоративтік клиенттер	149 395



**БАНК КЛИЕНТТЕРДІҢ
ҮНЕМИ ӨЗГЕРІП
ОТЫРАТЫН ҚАЖЕТ-
ТІЛІКТЕРІН АЛДЫН АЛА
АНЫҚТАУҒА
ТЫРЫСЫП, ЖОҒАРЫ
САПАЛЫ ШЕШІМДЕРДІ
ҰСЫНАДЫ.**

ӨНІМДЕР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Қаржы өнімдері мен қызметтерінің барынша қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін банк бизнесті цифрлық трансформациялауды және клиенттер үшін инновациялық шешімдерді енгізуде.

Жаңа цифрлық шешімдерді әзірлеу мен жеткізуді жалғастыра отырып, біз оларды барлық адамдар пайдалана алатынына көз жеткіземіз. Біз Jusan клиенті атану мүмкіндігі шектеулі немесе шалғай аудандарда тұратын клиенттер үшін де ыңғайлы болуы керек деп санаймыз.

Біздің тәсілдеріміз мүгедектігі бар адамдарға, халықтың әлеуметтік осал топтарына, зейнеткерлерге, еліміздің барлық өңірлерінің тұрғындарына бөлімшеге бармай-ақ, өздерінің қажеттіліктерін ескере отырып, Jusan-да қызмет алуға мүмкіндік береді.

Клиенттерге жедел қолдау көрсетуді қоса алғанда, банктің цифрлық және қашықтан көрсететін қызметтері ресми сайт немесе мобильді қосымша арқылы қолжетімді. Мысалы, Jusan цифрлық картасы қаржы қызметтерін банкке бармай-ақ, шалғай аудандарда қол жеткізу мүмкіндігін сыйлайды. Ал оны рәсімдеу және пайдалану үшін интернеттің болғаны жеткілікті.

Сандық қол жетімділікті жақсартуға бағытталған күш-жігеріміз клиенттердің әртүрлі қалауын қанағаттандыруға бағытталған – көру қабілеті нашар немесе басқа шектеулері бар клиенттер ғана емес, сонымен қатар ұялы телефондар мен смарт-сағаттар сияқты шағын экрандарды қолданатын клиенттер.

Модернизацияланған кеңселер мен қызмет көрсету жаңа орындары сыртқы қоңырауларды, кассалардың ыңғайлы орналасуын, тактильді жолдарды, арнайы пандустарды қоса алғанда, мүмкіндігі шектеулі адамдардың, қоғамның жүріс-тұрысы шектеулі топтарының және егде жастағы адамдардың кедергісіз кіруі үшін инфрақұрылыммен жабдықталады.

Банк қызметкерлері мүмкіндігі шектеулі клиенттердің қолдау көрсету қағидалары бойынша нұсқау алған.

Банктің әлеуметке бағытталған қаржы өнімдері бар, мысалы:

- Халыққа зейнетақы, алимент және жәрдемақы алуға арналған «Әлеуметтік карта».
- 6 жастан 16 жасқа дейінгі клиенттерге арналған мультивалюталық «Балалар картасы», ол арқылы ата-аналар операцияларды бақылап, ал балалар өз қаражаттарын басқару және Jusan Junior мобильді қосымшасы арқылы инвестициялау негіздерін үйрене алады.
- Жоғары оқу орындарына арналған «ко-бренд картасы» - біз төлем құралының функцияларын, сондай-ақ студенттерді идентификациялау жүйесін (студенттік билет), кампустар мен университеттер жатақханаларына кіруді бақылау жүйесін біріктіретін банк карталарын шығарамыз.
- Мемлекеттік негізгі мөлшерлемесіне 7% сыйақысы бар “Aqyl” білім беру жинақтау салымы – техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеуге арналған теңдессіз шешім

2021 жылғы маусымда төлем карточкаларын ұстаушыларға арналған жаңа бонустық бағдарлама іске қосылды, оларға клиенттердің белсенділігіне және Банктің экожүйесі өнімдерін пайдалануға байланысты 3 деңгей (Silver, Gold және Premium) тағайындалады. Әрбір деңгейде клиенттерге қолма-қол ақшасыз саудадан (2%-ға дейін) бонустардың әртүрлі мөлшері және 5-тен 15%-ға дейінгі бонус берілетін санаттар таңдау мүмкіндігі қарастырылған. Бонустық бағдарламаға Jusan-ның 175 мыңнан астам клиенті қатысады.

Бонустық бағдарламаға Jusan-ның

175

МЫҢНАН

астам клиенті қатысады.



КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ

Банк клиенттердің жағымды көзқарасын қалыптастыра отырып, олардың тәжірибесін жақсартуға және ұсынылған шешімдердің сапасын жақсартуға бет бұрды. Қаржы өнімдері мен қызметтердің кең ауқымы, үздіксіз инновация олардың қызмет сапасына қанағаттануының маңызды шарты болып табылады.

Клиенттерге қызмет көрсету сапасын басқару жүйесі олардың қанағаттану деңгейін тұрақты өлшеу және қызметкерлердің жұмыс сапасын бақылау; Банк ұсынатын сервистің сапасы туралы клиенттердің пікірін жинау; фронт-офис қызметкерлерін тұрақты оқыту сияқты элементтерді қамтиды.

Фронт-офис персоналымен жұмыс істеуді қоса алғанда, клиенттерге қызмет көрсету бағыты бойынша бөлшек бизнес блогындағы сервис сапасын тиімді басқару мақсатында бөлімше қызметкерлерінің құзыреттілігі мен уәждемесін арттыру бөлігінде сервис сапасы мониторингінің мынадай түрлері және тиімділіктің негізгі көрсеткіштері айқындалды:

банк бойынша қызмет көрсетудің орташа уақыты

(tNPS) клиенттердің қызмет көрсетуге қанағаттану деңгейі

7 минут **86%**

■ **Ай сайын:** филиал бөлімшелеріндегі (tNPS) клиенттердің қызмет көрсетуге қанағаттану деңгейін өлшеу. Мақсатты көрсеткіш – кемінде 80%. 2022 жылдың маусым айындағы нәтиже – 86%.

■ **Ай сайын:** фронт-кеңсе қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін өлшеу үшін бақылау тестілеуі (қашықтан тестілеу). Мақсатты көрсеткіш – кемінде 80%. 2022 жылдың маусым айындағы нәтиже – 93%.

■ **Ай сайын:** филиал бөлімшелерінде клиенттік ағым, қызмет көрсету уақыты және кезекте күту бойынша өлшеу (электрондық кезек). 2022 жылдың маусымындағы нәтиже – банк бойынша қызмет көрсетудің орташа уақыты 7 минут, банк бойынша кезекте күтудің орташа уақыты 17 минут.

■ **Тоқсан сайын:** мақсатты өнімдердің бірін сату бойынша «Жасырын сатып алушы» әдісімен қызмет көрсету стандарттарын сақтау мониторингі (жедел кредит беру, дебеттік карта). Мақсатты көрсеткіш – кемінде 80%. 2022 жылдың екінші тоқсанындағы нәтиже – 85,58%.

Бөлімшелерге офлайн режимде шығу уақытын оптимизациялау және филиалдық желіні қашықтағы форматта тұрақты бақылау мақсатында ай сайын мақсатты көрсеткішке байланыссыз мониторингінің мынадай түрлері жүргізіледі:

■ Бақылау камераларынан (Branch Monitor) бейне жазбаларды қарау арқылы фронт-офис қызметкерлерінің сыртқы түрі мен мінез-құлқы стандарттарының сақталуына ай сайынғы мониторинг.

■ Бөлімшенің ішкі және сыртқы түрінің стандарттарына мониторинг жасау («Model Branch үлгілі бөлімшесі»).

КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАНАҒАТТАНУЫ

Сервис сапасының негізгі көрсеткіштеріне мониторинг жасау және талдау негізінде персоналмен іс-шаралар (оқыту, сыйақы төлеу), банк бөлімшелерінде қызмет көрсету процесін ұйымдастыруға өзгерістер енгізіледі. Бөлшек бизнес блогінің филиалдық желісінің қызметкерлері үшін қашықтан оқыту жоспары бекітілді, апта сайын өзгерістер, инновациялар, нұсқаулықтар және т.б. бойынша оқыту жүргізіледі, содан кейін білім тексеріледі.

Біз клиенттерден үнемі кері байланыс берулерін өтінеміз және алынған ақпаратты олардың қажеттіліктері мен мүдделерін мұқият талдау үшін пайдаланамыз. Банк клиенттердің пікірлеріне сүйенеді, бұл олардың жақсы қарым-қатынасын арттыруға, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Jusan-да ауызша өтініштер мен электрондық өтініштер бойынша жұмыс істеу жүйесі (мысалы, әлеуметтік желілер немесе электрондық пошта арқылы түскен шағымдарды) қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалар клиенттерінің шағымдары мен өтініштерін өңдеу және оларға жауап беру жүйесі жұмыс істейді (Info@jusan.kz).

Клиенттердің шағымдарына және өтініштеріне жауаптардың жылдамдығы мен сапасына, сондай-ақ жауап алғаннан кейін олардың қанағаттану дәрежесіне бақылау жүргізіледі.

Қызмет көрсету деңгейін бақылау және ақпараттың жосықсыз немесе дұрыс ұсынылмағанын анықтау мақсатында клиенттерге

қызмет көрсету департаментінің мамандары өңдеген кіріс және шығыс қоңырауларға күн сайын мониторинг жүргізіледі.


Сондай-ақ Банк клиенттерге бөлшек клиенттермен жұмыс істеуге бағытталған жеке банктік қызмет көрсету қызметі Private Banking ұсынады.

Бүгінгі таңда банктегі Private Banking – бұл өзіндік бренді, философиясы, қаржы құралдары, даму стратегиясы, қалыптасқан тұрақты клиенттік базасы бар дербес бизнес.

Ірі филиалдық желі Private Banking клиенттері үшін жергілікті қызмет көрсету аймақтары бөлінетін әрбір өңірде – Қазақстан бойынша 27 VIP-аймақта және 5 VIP-орталықта дербес менеджерлердің болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беріп отыр.

Таяу болашақтағы даму стратегиясы шеңберінде Банк өзінің күш-жігерін Private Banking клиенттері үшін мынадай өнімдерге шоғырландырады:

- Депозиттер.
- Төлем карталары.
- Сейфтік қызметтер.
- Инвестиция өнімдері бойынша кеңес беру.
- Сақтандыру өнімдері.
- Lifestyle қызметтер.
- Заңды және салықтық қолдау.



ЦИФРОВИЗАЦИЯ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР

Jusan үшін басым бағыт – жоғары технологиялық платформаларды цифрландыру және дамыту.

Біз инновацияларға ұдайы назар аударуымыздың арқасында өзімізді осы салаға ірі сараптаманы тарта алған қаржы-технологиялық компания ретінде санай аламыз.

2021 жылы IT бағытына құйылған инвестициялар 2,8 млрд теңгеден асты. Банктің цифрлық сервистерінің ай сайынғы белсенді пайдаланушыларының (MAU) саны есепті дайындау кезінде 1 млн адамға жетті. Есепті кезеңде 442,5 мың цифрлық карта шығарылды.

Jusan негізгі бизнесімізге клиенттер жаңа шешімдер күтетін және біз өзімізді нарықта неғұрлым тиімді көрсете алатын салаларда инновациялар енгізуге ұмтылады.

Jusan цифровизациясының лейтмотиві – клиентке бағытталған инновациялар. Айта кетейік, Jusan және Jusan Business цифрлық платформалары International Finance Awards-2021 нұсқасы бойынша Қазақстандағы ең үздік инновациялық әзірлемелер болып танылды.

Банк жеке деректердің қауіпсіздігі мен қорғалуының жоғары деңгейі негізінде төлем және қаржы ұсыныстарымен тығыз интеграцияланған, ыңғайлы әрі сұранысқа ие және клиентке бағдарланған цифрлық экожүйелерді құруға бағыт алған. Өз кезегінде ішкі процестерді цифрландыру қызметкерлер үшін қолайлы орта қалыптастырады және банк жұмысының тиімділігін арттырады.

Біз цифрлық шешімдер Jusan мен оның клиенттерінің қоршаған ортаға әсерін азайтуға және климаттық эмиссияларды тқһөмендетуге мүмкіндік беретінін ескереміз.

Jusan өнімдер мен қызметтерді әзірлеудің толық циклін, сондай-ақ клиенттерге қызмет көрсетудің сапасын арттыратын және клиенттерге жаңа мүмкіндіктер беретін шешімдер жасауға бағытталған big data талдауын жүзеге асырады.

Бұл ретте біз жоғары технологиялық платформаларды дамыту және олардың негізінде қаржылық инклюзияны дамыту мақсатында басқа компаниялармен әріптестікке дайынбыз.

Осылайша, Jusan KCELL ұялы операторымен және Mastercard халықаралық төлем жүйесімен Kcell/Activ мобильді қосымшаларында OGO банк өнімдерін іске қосу бойынша бірлескен жобаға бастамашы болды. Өнім желісіне OGO Card сандық мультивалюталық төлем картасы, OGO Deposit банктік салым жүйесі және OGO Credit кепілсіз қарызы кіреді. Бұл жобада Jusan технологиялық серіктес және қаржы операторы рөлін атқарады.

Jusan қызметкерлерді банктің цифрлық трансформациясына ықпал етуге итермелейтін жоғары технологиялық жұмыс ортасын құру үшін жүйелі түрде жұмыс істейді. Қызметкерлер банктің соңғы технологиялық тенденцияларға сай екенін түсінуі үшін біз технологияның соңғы тенденциялары туралы пікірталастар ұйымдастырамыз.



2021 жылы
IT саласына

2,8
млрд теңге
ИНВЕСТИЦИЯ
ҚҰЙЫЛДЫ.

JUSAN МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

46

ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КЕҢ ТАҢДАУЫ БАР ҚОСЫМША. БІР ҚОСЫМШАДА КЛИЕНТТЕРГЕ JUSAN ЭКОЖҮЙ-ЕСІНІҢ БАРЛЫҚ ӨНІМДЕРІ ҚОЛЖЕТІМДІ.

Қосымшаның ай сайынғы белсенді пайдаланушыларының саны

1067

МЫҢ



Jusan Дүкен

- Тауарлар мен қызметтерге 0-0-24 бөліп төлеу
- Бөліп төлеу жүйесімен сатып алу үшін бонустар
- 24 айға дейін несиеге алу
- Супермаркеттерден азық-түлікті тегін жеткізу
- Кез келген банк картасымен төлеу
- 1 миллионнан астам тауарлар, қызметтер және азық-түлік



Jusan Инвестициялар

- Брокерлік шотты тегін ашу және оны толықтыру
- Акцияларды сатып алу және сату
- Аналитика және инвестициялық идеялар



Jusan мультивалюталық картасы

- Картаны тез арада және тегін шығару
- 15%-ға дейін жоғары бонустар
- Таңдауға болатын 10 түрлі бонус категориялары



Jusan Сақтандыру

- Кеңсеге келіп, менеджерге жолықпай-ақ үш рет тұрту арқылы автокөлікті сақтандыру
- Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру 10% және 25% жеңілдікпен Jusan бонустары сыйлыққа
- КАСКО автокөлік сақтандыруы
- Жазатайым оқиғадан сақтандыру
- Туристерді сақтандыру



Jusan Mobile

- Кез келген бөлімшеде sim-картаны тегін алу
- Бірінші айда тегін қоңыраулар мен мобильді интернет
- Екінші айдан бастап Jusan картасымен айына 50 мың теңгеден сатып алған кезде тегін байланыс
- Дербес бапталатын ресурстар (қоңыраулар, СМС немесе интернет)
- Жасырын жазылымдарсыз сандық оператор



Jusan Junior

- Балалар үшін карта шығару тегін
- Балаларға арналған инвестициялық қосымша



Басқа функциялар

- Онлайн тіркелу, шот және карта ашу
- 5 жылға дейінгі мерзімге 6 млн теңгеге дейінгі онлайн-несиені рәсімдеу
- Қызметтерді комиссиясыз төлеу (ТВ, интернет, коммуналдық қызметтер, ұялы байланыс, көлік және т. б.)
- Өз шоттарыңыз арасында, Jusan клиентіне немесе басқа банктердің карталарына лезде ақша аудару
- Карта бойынша лимиттерді басқару және оны бұғаттау
- Қосымшада картаның ДСН-кодын өзгерту
- Барлық карталар, шоттар және депозиттер бойынша қалған қаражат пен аударымдарды бақылау

БӨЛШЕК КЛИЕНТТЕР ҮШІН ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР

**БӨЛШЕК
КЛИЕНТТЕРГЕ
АРНАЛҒАН
ЦИФРЛЫҚ
ШЕШІМДЕРДІҢ
ІШІНДЕ
МЫНАЛАРДЫ
АТАП ӨТУГЕ:**

- «ЦИФРЛЫҚ КАРТА» ӨНІМІ – БАНК БӨЛІМШЕСІНЕ БАРМАЙ-АҚ, КАРТАНЫ АШУҒА ЖӘНЕ ОЛ БОЙЫНША ПЛАСТИКАЛЫҚ КАРТА ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ТОЛЫҚ ТАҢДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ: NFC ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ КӨМЕГІМЕН САУДАЛАРДЫ ТӨЛЕУ, БАНКОМАТТАРДАН КОД БОЙЫНША ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЛУ, QR АРҚЫЛЫ ТӨЛЕУ, КАРТА НӨМІРІ, ТЕЛЕФОН НӨМІРІ, ШОТ НӨМІРІ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР МЕН АУДАРЫМДАР.
- ОНЛАЙН НЕСИЕ - JUSAN ҚОСЫМШАСЫ ЖӘНЕ KCELL/ACTIV МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ 60 АЙҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМГЕ 6 МЛН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІНГІ СОМАҒА НЕСИЕ АЛУ, БІР МИНУТ ІШІНДЕ ОНЛАЙН МАҚҰЛДАУ. КЛИЕНТКЕ ҚАРЫЗ АЛУҒА ӨТІНІШ БЕРУ ЖӘНЕ НЕСИЕНІ АЛУ ҮШІН БАНККЕ ТҮРДЕ БАРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ.
- КАРТАНЫ КАРТОМАТ АРҚЫЛЫ АЛУ, СОНДАЙ-АҚ МИНИ-ЭМБОССЕР АРҚЫЛЫ БӨЛІМШЕДЕ КАРТАНЫ ЛЕЗДЕ БАСЫП ШЫҒАРУ.
- APPLE PAY SAMSUNG PAY/GOOGLE PAY ТӨЛЕМДЕРІ.
- ТӨЛЕМ КАРТАСЫН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАДА ШЫҒАРУ КЕЗІНДЕ КЛИЕНТТІ БИОМЕТРИЯЛЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯЛАУ.
- СМС-КОД БОЙЫНША БАНКОМАТТАН ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША АЛУ.

47

JUSAN BUSINESS МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША:

шоттарды онлайн ашу, төлемдер, конвертация, аударымдар, комиссиялар бойынша үнемдеу, салықтарды оңай әрі тез төлеу. Мобильді қосымша операциялық шығындарды қысқартуға және кез келген жерден бизнес жүргізуге мүмкіндік береді.



Негізгі функциялары

- Онлайн шот ашу
- Төлемдер мен аударымдар
- Шотты сканерлеу және төлемдерді контрагенттерге жіберу
- Салықтар мен әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ кедендік төлемдерді онлайн-төлеу
- P2P аудармалары
- Үзінді көшірмелер мен анықтамаларды жасау
- Бизнеске арналған карталар (корпоративтік және жеке кәсіпкерлерге арналған)
- Шетел валютасын айырбастау
- Жасалған операциялар бойынша push-хабарламалар
- Архив және кез келген операцияны тез іздеу
- Көшірмелерді компанияның есеп жүйесіне экспорттау
- Төлем үлгілерін жасау және сақтау
- Қызметкерлер үшін қол жеткізу деңгейін реттеу мүмкіндігі
- Валюта бағамдары, анықтамалық-қаржылық ақпарат
- Роумингте қосымшаның қолжетімділігі



Jusan Tole

- Тауарларды сату, тауарлар мен қызметтерге QR-код арқылы төлем жасау
- Ең төменгі комиссия
- Шотқа қаражатты дереу аудару
- Клиенттерге арналған бонустар, бөліп төлеу арқылы сатып алу және кредит



Тарифтер конструкторы – жеке пакет

- Қажетті банктік қызметтер пакетін құру, төлемдер мен аударымдар үшін комиссияларды үнемдеу

Қосымшаның ай сайынғы белсенді пайдаланушыларының саны

46,5
МЫҢ

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

Цифрлық қаржылық қызметтер мен өнімдерді дамытуға баса назар аударылған жағдайда, Jusan киберқауіпсіздік пен клиенттер, қызметкерлер, тасымалдаушылар деректерінің қорғалуын ұзақ мерзімді корпоративтік басымдық ретінде, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен вирустық шабуылдардың алдын алудың озық құралдары мен тәсілдерін тәжірибе жүзінде енгізу тұрғысынан қарайды.

Технологиялық өзгерістердің жылдам қарқыны техникалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан қауіпсіздік шараларын жетілдіру мен түзетудің үздіксіз процесін талап етеді. Біз цифрландырудың үнемі жетіліп отыратын деңгейі және киберқауіпсіздік пен деректерді қорғауға байланысты тәуекелдері үнемі өзгеріп отыратын ортада жұмыс істейміз.

Банк клиенттердің, қызметкерлердің, банк жеткізушілердің олардың деректерін алуға және өңдеуге келісімін міндетті түрде алуды қосқанда, дербес деректерді өңдеу және қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын мүлтіксіз сақтайды.

Клиенттер мен қызметкерлердің дербес деректерін өңдеу және қорғау саласындағы қызмет пен операцияларды реттейтін негізгі

ішкі құжаттар құпия ақпаратты құрайтын мәліметтер туралы ереже мен «Jusan Bank» АҚ-та оны қорғауды ұйымдастыру жөніндегі негізгі шаралар және ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару регламенті болып табылады. Олар Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік актілерге сәйкес әзірленген.

Біздің стратегиямыздың негізгі элементі бөлімдер арасындағы бірлескен және банк қызметкерлерінің киберқауіпсіздік пен барлық деңгейлерде деректерді қорғауды қамтамасыз етудегі өзінің маңызды рөлін жете түсінуімен сипатталатын корпоративтік қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және қолдау болып табылады.

Киберқауіпсіздік пен Банк деректерін қорғаудың корпоративтік жүйесі халықаралық тәжірибелерге сәйкес келеді және шабуылдарды болжауға, анықтауға, алдын алуға және оларға жедел жауап қайтаруға мүмкіндік береді.

Өршіп жатқан қауіп-қатерлерге қарсы тұру үшін біз әр технологиялық деңгейге, соның ішінде сәйкестендіру, деректер, инфрақұрылым, құрылғылар мен қосымшаларға киберқауіпсіздік пен деректерді қорғауды басқаруды енгізуге тырысамыз. Jusan-ның



БАНК КЛИЕНТТЕРДІҢ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ, БАНК ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІН АЛУҒА ЖӘНЕ ӨҢДЕУГЕ КЕЛІСІМІН МІНДЕТТІ ТҮРДЕ АЛУДЫ ҚОСҚАНДА, ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫН МҮЛТІКСІЗ САҚТАЙДЫ.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

осындай көп деңгейлі тәсілінің мақсаты – толықтай қорғаныс, сондай-ақ ықтимал тәуекелдерді анықтау, алдын алу, оларға жауап қайтару үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Әлсіз тұстар мен талдаудағы осалдықтарды анықтау және кейіннен оларды жою үшін пайдаланылатын ақпараттық қауіпсіздік жүйелері жете сыналады. Банктің ақпараттық және кибер инциденттер жағдайында өзінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жоспары және іс-қимыл тәртібі бар. Кез келген туындаған қауіп-қатерлерге тиімді қарсы тұру үшін біздің жүйелеріміз үнемі жаңартылып отырады.

Ықтимал оқиғаларға реакция 24/7 режимінде жүзеге асырылады.

Есеп беру кезеңінде Jusan-да клиенттердің, қызметкерлердің, тасымалдаушылардың деректерін жоғалтумен, жария етумен немесе ұрлаумен байланысты қандай да бір расталған оқиғалар тіркелген жоқ.


Есепті кезеңде клиенттер деректерінің құпиялылығын бұзу туралы негізделген шағымдар түскен жоқ.

Біз ақпараттық қауіпсіздік пен деректердің құпиялылығын бұзуға байланысты ықтимал оқиғаларды анықтау және олардың жолын кесуге жәрдемдесу бойынша клиенттердің, басқа да мүдделі тараптардың белсенділігін қолдаймыз.

Банк қызметкерлері ақпараттық қауіпсіздікке, Банктің осы бағыттағы саясатына, деректерді қорғау әдістеріне, фишингті болдырмау шараларына, есептілік құралдарына байланысты мәселелер бойынша оқытудан өтеді.

Бұл үшін, сонымен қатар, ақпараттық қауіпсіздік саласында қызметкерлердің білім деңгейін арттыру бойынша регламент әзірленді. Корпоратившілік арналар бойынша қызметкерлердің ақпараттық қауіпсіздік саласындағы түсінігін арттыру бойынша тұрақты түрде ақпарат таратылады.

Басқарушы директор банктің қауіпсіздік блогіне кіретін ақпарат жүйелерін қорғау департаменті ақпараттық қауіпсіздікті және деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге жауапты бөлім болып табылады.



ЫҚТИМАЛ ОҚИҒАЛАРҒА РЕАКЦИЯ 24/7 РЕЖИМІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Шағын және орта бизнес Қазақстан Республикасының экономикасында маңызды рөл атқарады, өйткені ол жұмыс орындарын құруға және тұрақты экономикалық дамуға ықпал етеді.

Jusan өзін Jusan Business мобильді қосымшасы негізінде ыңғайлы және қолжетімді шешімдерді ұсына отырып, шағын және орта бизнеске арналған банк ретінде қарастырады. Бұл Қазақстан Республикасы мен жергілікті қоғамдастықтардың өркендеуі мен тұрақтылығына тікелей әсер ететін шағын және орта бизнес үшін жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырады.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің шағын және орта бизнеске берген несие көлемі 463,3 млрд теңгеге жетті.

Шағын және орта бизнеске арналған өнімдер мен қызметтер:

- Әртүрлі мерзімдер мен мақсаттарға арналған депозиттер.
- Стандартты, жеңілдетілген және кепілсіз несие беру бағдарламалары.
- Бизнеске арналған карталар.
- Онлайн банк кепілдіктері.
- Есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету.
- Төлемдер, аударымдар және эквайринг.
- Қашықтан банктік қызмет көрсету және онлайн сервистер (онлайн-бухгалтерия, онлайн консультация беру және басқалар).

Банк Jusan Business интернет-Банкинг жүйесі базасында қаржы өнімдері мен қызметтер желісін кеңейтуді жалғастыруда.


Сонымен қатар 2021 жылы төлемдерді қабылдауға және QR көмегімен тауарларды бөліп төлеу мен несиеге сатуға мүмкіндік беретін Jusan Tole төлемдерді қабылдау қосымшасы іске қосылды. Бұл ретте есепті кезеңнің соңында 26,2 мың құрылғылардан тұратын желіде жұмыс істеді.

Шағын және орта бизнес өкілдері тиімді Jusan Дүкен негізінде онлайн бизнесін дамыта алады.

2021 жылы Банк өз клиенттеріне қарыздар түрінде де, мемлекет есебінен пайыздық мөлшерлемелердің бір бөлігін субсидиялау арқылы да жеңілдікпен қаржыландыру мүмкіндігін сыйлап, сондай-ақ қарызға кепілдік беру және сақтандыру түрінде қарыздар бойынша міндеттемелердің орындалуын жеткілікті қамтамасыз етілмеген кәсіпкерлерді қаржыландыруға қол ашты.

Осындай бағдарламалардың ішінде:

- Өңдеу өнеркәсібі саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы.
- «Даму өңірлер III» шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің өңірлік жобаларын қаржыландыру бағдарламасы.
- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» бағдарламасы.
- «Даму «ҚДҚ» АҚ-тың «Төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» БҰҰДБ-мен бірлесіп субсидиялау бағдарламасы.
- Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен несие беру бағдарламасы және басқалары.



Банктің шағын және орта бизнеске берген несие көлемі

463,3
млрд теңгеге жетті.

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

2021 жылы Jusan клиенттері «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына қатысып, субсидиялау және ішінара кепілдік беру түрінде мемлекеттік қолдауға ие болды, сондай-ақ Банк бағдарлама басталғалы оның белсенді қатысушысы болып келеді.

Банк бұдан әрі де «микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау» және «кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін қолдау» бағыттары бойынша 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау бағдарламасын қоса алғанда, клиенттердің жеңілдікпен несие беру, субсидиялау және ішінара кепілдік беру түрінде қолдау алуы мақсатында мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға ниетті.

Қарастырылып отырған бағытқа жауапты негізгі құрылымдық бөлімшелер шағын және орта бизнес департаменті және транзакциялық бизнес бөлігінде сатуды дамыту және қолдау бөлімі болып табылады.



ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Jusan стратегиялық мақсаттарға табысты қол жеткізу және өз клиенттеріне қызмет көрсету сапасын арттыру үшін маңызды элемент ретінде тасымалдаушылармен адал және жауапты өзара әрекет етеді және олармен сенім, сондай-ақ жалпы қабылданған этикалық, әлеуметтік және экологиялық құндылықтар мен қағидаттар негізінде қарым-қатынас құруға ұмтылады.

Jusan тасымалдаушыларының саны 2021 жылдың 31 желтоқсанында 3406-ға жетті, оның ішінде ШОБ 88%-ға тең. Jusan тасымалдаулар тізбегі қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтиды, соның ішінде әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету, маркетинг, PR және т.б. бар.

Банктің жалпы сатып алу бюджетіндегі жергілікті тасымалдаушылардың үлесі – 94%. Біз жергілікті тасымалдаушыларға Қазақстан Республикасының аумағында салық салу субъектілері болып табылатын заңды және жеке тұлғаларды жатқызамыз.

Банк тасымалдаушылармен өзара әрекет және сатып алу процесін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының және өзінің ішкі құжаттарының барлық талаптарын сақтайды.

Банк беделі жоғары тасымалдаушылармен бірлесіп қызмет атқарады және сатып алу мен жеткізу рәсімдерінің ашықтығына ерекше

назар аударады. Jusan тасымалдаушылардың адал бәсекелестігін, тең құқықты, әділдікті, оларға қатысты кемсітудің болмауын және бәсекелестікті негізсіз шектеуді қамтамасыз етуге; сатып алуды процесін өткізуге қатысатын өз қызметкерлері тарапынан ықтимал өз пайдасын көздеудің алдын алуға бағыт алады.

Тасымалдаушылармен өзара іс-қимыл процесі және сатып алу рәсімдері Банк Басқармасының хаттамасымен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі. Сатып алу нысаны бойынша сатып алу басқармасы, олардың бастамашысы және шығындар орталықтары тасымалдаушылармен өзара әрекеттесуге жауапты.

Jusan айқындық және бейтараптық қағидаттарына сәйкес тасымалдаушыларды таңдау үшін талаптарға сәйкес келетін кез келген заңды немесе жеке тұлға өтінім беру арқылы қатыса алатын тендерлік сатып алу рәсімдерінің жүйесін де пайдаланады. Сауда алаңдарының бірімен мерзімсіз шарт жасалды.

Тасымалдау тізбегінің тұрақтылығына қол жеткізу үшін Банк тасымалдаушылардан күтілетін этикалық, әлеуметтік және экологиялық әрекеттің құндылықтары мен принциптерін енгізу мәселесін зерттейді.

2021 жылдың 31 желтоқсанында Jusan тасымалдаушыларының саны

3406
жетті **-ға**

оның ішінде ШОБ 88%-ға тең.

94%

Банктің жалпы сатып алу бюджетіндегі жергілікті тасымалдаушылардың үлесі

тарау 04

АДАМИ КАПИТАЛ



АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

Адами капитал-Jusan компаниясының басты активі, біздің қызметіміздің ұзақ мерзімді табыстылығы мен тұрақтылығы соған байланысты. Сондықтан банкте адами капиталды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Банк ірі жұмыс беруші ретінде қолайлы жұмыс ортасын қалыптастырады, онда әр қызметкер өзін қабылданған, құрметке ие екенін сезінеді. Банктің әлеуметтік саясаты қызметкерлердің денсаулығын қолдауға және олардың қызметке адалдығын арттыратын және ұзақ мерзімді және тиімді жұмыс істеуге ынталандыратын қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Жаңа жұмыс әдістері инновацияны жеделдетеді және клиентке көбірек көңіл бөлуге ықпал етеді.

Банкте жасалған еңбек жағдайлары денсаулық сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық талаптарға, сондай-ақ тиісті ішкі саясаттар мен рәсімдерге сәйкес келеді.

Жұмысқа жалдау және жалақыны белгілеу кезінде мүмкіндіктердің теңдігі ескеріледі. Jusan жұмысына мүдделі сыртқы кандидаттармен өзара әрекет процесі ашық және әділ көзқарасты, оларға қатысты кез келген сипаттағы кемсітудің болмауын қамтамасыз етеді.

Банк адам құқықтарын сақтайды және корпоративтік құжаттарда бекітілген қызметкерлерге қысым көрсету мен кемсітудің қандай да бір белгілеріне нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады. 2021 жылы банкте қысым мен кемсітуге байланысты жағымсыз оқиғалар тіркелмеді, жұмысшылар мен жұмыс орнына үміткерлер осы тақырып бойынша шағымданбады.

Банктің әрбір қызметкері кез келген мәселелер бойынша өтініш немесе шағым қалдыра алады.

Шаруашылық қызметтегі оларға елеулі түрде әсер етуі мүмкін ірі өзгерістер туралы қызметкерлерге алдын ала хабарлау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Jusan өз кезегінде клиенттерге барынша тиімді сервис ұсынатынына кепілдік бере отырып, таланттар мен үздік мамандарды банкке шақыруға және оларды банкте қалдыруға ұмтылады.

Адами капиталды басқарудың озық тәжірибелерін енгізу шеңберінде 2022 жылдан бастап Банк қызметкерлердің бірігіп қызмет ету, адалдық және қанағаттану деңгейін тұрақты түрде өлшеу бастамасы ұсынылды.

Банк гендерлік теңдікті дамытуға және қызметкерлер арасында сантүрлілікті қолдауға, оның ішінде басшылық лауазымдардағы әйелдердің үлесін арттыруға күш салуда. Ұжымдағы әйел қызметкерлердің саны ер қызметкерлердің санынан жоғары.

Банкұжымында 30 жасқа дейінгі жас қызметкерлердің саны едәуір жоғары (шамамен 40%). Jusan жас мамандарды жұмысқа тарту үшін қолайлы жағдай жасайды. Банк денсаулығында ерекшеліктер бар мамандарды жұмысқа орналастыру бойынша ашық саясатты ұстанады.



Банк ұжымында

30 жасқа

дейінгі жас қызметкерлердің саны едәуір жоғары
шамамен 40%

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

2022 жылдың I маусымындағы жағдай бойынша жоғары буын басшыларының (директорлар Кеңесінің және Банк Басқармасының мүшелері) 75%-ын жергілікті тұрғындар құрайды – олар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Jusan компаниясының адами капиталды және кадрларды басқару саласындағы негізгі ішкі құжаттары:

- Кадрлық саясат;
- Корпоративтік мәдениет кодексі;
- Қызметкерлерге арналған еңбек тәртібі рәсімдері;
- Қызметкерлерге еңбекақы төлеу саясаты;
- Қызметкерлерді іріктеу бойынша регламент және басқалар.

Адами капиталға байланысты мәселелермен Банктің адами капиталды дамыту департаменті айналысады.



АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

JUSAN ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҮНЕМІ ҚОЛДАЙДЫ

- ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ТЫҢДАП
- ОЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН БАҒАЛАП ЖӘНЕ ОҚЫТУ МЕН ЖЕКЕ ДАМУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРА ОТЫРЫП
- САҢТҮРЛІЛІК, ӘДІЛЕТТІЛІК, ИНКЛЮЗИВТІЛІК ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІЛІК ПРИНЦИПТЕРІН ДАМУДА ОТЫРЫП

ESG әсер:

- Жеке мүмкіндіктерді кеңейту және қызметкерлердің қабілеттерін дамыту
- Қоғамдағы сантүрлілікті, теңдікті және инклюзивтілікті нығайту
- Жұмыскерлердің өмір сүру сапасын арттыру

Біздің ресурстар:


- Қызығушылығы жоғары қызметкерлер
- Біліктілігі жоғары мамандар
- Сантүрлі, ынтымағы жарасқан ұжым



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

GRI 102-7,
102-8, 401-1,
401-3, 405-1

Банк қызметкерлерінің жалпы саны есепті кезеңнің соңында



«АТФБанк» АҚ сатып алуына байланысты ұйымдық құрылымның трансформациясы кадрлардың тұрақтамауының жоғары көрсеткішін – 2021 жылы уақытша 39%-ды көрсетті. Есепті кезеңде жұмысқа қабылданған қызметкерлер саны 4 130 адамға жетті.

2021 жылы ана/әке демалысы бойынша демалыс алған қызметкерлердің жалпы саны – 797 қызметкер, оның ішінде әйелдер – 795, ерлер – 2. Есепті кезеңде ана/әке болу бойынша демалыстан оралғандар саны – 404 қызметкер, оның ішінде әйелдер – 399, ерлер – 5.

Қызметкерлер бойынша жалпы статистика

31.12.2021 жағдай бойынша

Тізім бойынша қызметкерлер саны	5 827
Толық күн қызмет ететін қызметкерлер	5 813
Толық күн қызмет етпейтін қызметкерлер	14
Мерзімді еңбек келісімшарты	3 591
Мерзімсіз еңбек келісімшарты	2 236
Жынысы бойынша қызметкерлер саны	
Ерлер	1 788
Әйелдер	4 039
Қызметкерлердің жалпы санынан әйелдер үлесі	69%
Жасы бойынша қызметкерлер саны	
30 жастан кіші қызметкерлер	2 153
30-50 жастағы қызметкерлер	3 327
50 жастан үлкен қызметкерлер	347
Лауазымы бойынша қызметкерлер саны	
Директорлар Кеңесі, Басқарма	12 (Директорлар кеңесі – 5 адам; Басқарма – 7 адам)
Өзге қызметтер	5 815

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

Өңірлердегі қызметкерлер

31.12.2021 жағдай бойынша

Өңір	Қызметкерлер саны
Негізгі кеңсе (Алматы қ.)	2280
Ақмола филиалы	166
Ақтөбе филиалы	146
Алматы облыстық филиалы	105
Алматы филиалы	558
Атырау филиалы	152
Шығыс Қазақстан филиалы	169
Жамбыл филиалы	136
Батыс Қазақстан филиалы	132
Қарағанды филиалы	161
Қостанай филиалы	153
Қызылорда филиалы	108
Маңғыстау филиалы	139
Павлодар филиалы	179
Солтүстік Қазақстан филиалы	108
Степногорск филиалы	82
Астана филиалы	529
Теміртау филиалы	59
Түркістан филиалы	98
Семей филиалы	138
Оңтүстік Қазақстан филиалы	229



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Jusan оқыту, кәсіби біліктілікті арттыру үшін тең жағдай жасайды және адам капиталын тұрақты жетілдіру мен дамытуға ұмтылады. Банк қызметкерлердің құзыреттерін, білімі мен біліктілігін кеңейтуге бағытталған.

Ол үшін Jusan жеке және корпоративтік оқыту үшін технологиялық онлайн және офлайн шешімдерді, оқытудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолданады:

- оқыту жоспарына сәйкес жүйелі түрде оқыту тренингтері мен онлайн кездесулер өткізеді;
- банк қызметкерлерін сыртқы оқыту жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де әртүрлі оқыту бағдарламаларына, семинарларға, мастер-кластар мен курстарға қатысу үшін жібереді.

Мұндай тәсіл қызметкерлерден кәсіби қайтарымды күшейтуге мүмкіндік береді нарық конъюнктурасы мен клиенттердің қажеттіліктеріне тиімді бейімделуге қабілетті адал, ынталы және ұйымшыл ұжымды қалыптастыруға көмектеседі. Бәсекелестік орта және үнемі өзгеріп отыратын сыртқы жағдайлар қызметкерлерді оқыту және біліктілігін арттыру, олардың құзыреттері мен жеке қасиеттерін бағалау процестерінің маңыздылығын анықтайды.

2021 жылы Jusan жұмыскерлерді оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға жұмсаған шығындары 49,7 млн теңгеге жетті.

Біліктілікті арттыру мақсатында 2021 жылы банк қызметкерлері үшін түрлі онлайн және офлайн бағдарламалар бойынша 100-ден астам ішкі оқыту іс-шаралары өткізілді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 86 корпоративішілік тренингтер, жаңа қызметкерлерді бейімдеу бағыттары бойынша электрондық курстар мен тесттер, Банктің электрондық жүйелерімен жұмыс істеу бойынша курстар, кассалық тәртіп, ақпараттық

қауіпсіздік, сервистік қызмет көрсету, жеке тұлғалық даму, Банктің өнімдері мен қызметтері, сондай-ақ міндетті оқыту әзірленді және енгізілді.

Банк қызметкерлерін жемқорлықтың алдын алу, қаражат ұрлау және терроризмді қаржыландыруға қарсы мәселелері бойынша оқытуға көп көңіл бөлінеді. Еңбекті қорғау бойынша оқыту және еңбекті қорғау талаптары бойынша білімдерін тексеру жүзеге асырылады.

Банктің жаңа қызметкерлері үшін бейімдеу оқыту пайдаланылады, бизнес-процестерге үйрету, тәлімгерлер арқылы банктің қабылданған тәсілдері мен мәдениеті жүзеге асырылады, бейімделудің әрбір сатысында тұрақты кері байланыс ұсынылады, сынақ мерзімі уақытына нақты, дәйекті және түсінікті әрекет жоспары қалыптастырылады.

Есепті кезеңде Банктің 370-ке жуық қызметкері ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік, бухгалтерлік есеп және салық салу, жемқорлыққа қарсы комплаенс, адам құқықтарының аспектілері бойынша ережелер мен процестер; ХҚЕС өзгерістері, қаржылық талдау, басқарушылық құзыреттерді дамыту сияқты салаларда сыртқы біліктілігін арттырудан өтті.

Сыртқы сарапшыларды тарта отырып, 2021 жылы банк қызметкерлері үшін ESG мәселелері бойынша семинар, сондай-ақ бұл аталған бағыттар бойынша құзыреттер мен білімді арттыруға мүмкіндік берді.

Қызметкерлерді оқыту сағаттар саны

	2021
Оқыту сағаттары, барлығы	49 420
Соның ішінде жоғары және орта деңгейдегі басшылық	9 687
Соның ішінде құрылымдық бөлімдер қызметкерлері	39 733
Бір қызметкерге келетін сағат саны	8,5



ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ

Банк қызметкерлердің әл-ауқаты мен әлеуметтік қорғалуы олардың ынтасына, тиімділігі мен қызығушылығына тікелей әсер етеді деп санайды. Сондықтан Jusan жұмыскерлердің еңбекақысының бәсекеге қабілетті, әділ, ашық және лайықты деңгейін ұстап тұруға ұмтылады.

2021 жылы еңбекақы бойынша әлеуметтік аударымдар мен салықтарды ескере отырып, қызметкерлердің еңбекақысына арналған шығындар 24,8 млрд теңгеге жетті.

Jusan қызметкерлеріне сыйақы беру және ынталандыру жүйесінің негізінде сыйақының әділдігі, тиімділік пен өнімділіктің өсуі, жалақының бәсекеге қабілеттілігі қағидаттары жатыр.

Қолданылатын еңбекақы төлеу жүйесі Банктің жоспарлары мен бизнес-мақсаттарына қол жеткізуге қызметкерлердің жеке мүдделілігін арттыруға бағытталған. Басқару органдарының мүшелері мен қызметкерлерге сыйақы мөлшері тек лауазымдық міндеттерді орындау тиімділігімен, қызметкерлердің біліктілігімен, орындалатын жұмыстардың түрі мен көлемімен, еңбек қызметін сандық және сапалық бағалаумен байланысты объективті факторлардың негізінде қалыптастырылады.


Банк қызметкерлерінің еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және еңбек шартында көзделген лауазымдық жалақылар мен кепілдік төлемдер негізінде жүргізіледі.

Қызметкерлердің мақсатты жеке және командалық нәтижелерге табысты қол жеткізуге мүдделілігін ынталандыру мақсатында банк тіркелмеген сыйақы жүйесін көздеген.

Мысалы, банк нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштерін 100%-дан жоғары орындаған кезде бонустар алу мүмкіндігімен филиалдық желі жұмыскерлері үшін ынталандыру бағдарламасын енгізді. Бас кеңсенің қызметкерлері үшін қосымша сыйақы алу мүмкіндігімен нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелері бойынша тоқсандық сыйақы жүйесі әзірленді.

Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшелері үшін ынталандыру бағдарламалары пайдаланылады, оларға сәйкес белгіленбеген сыйақы мөлшері банктің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне байланысты болады.

Банк еңбекке ақы төлеудегі олардың іскерлік қасиеттеріне қатысы жоқ гендерлік және өзге де ерекшеліктерді анықтау үшін барлық ла-



ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕКАҚЫСЫ

уазымдардағы қызметкерлердің жалақы деңгейіне тұрақты талдау жүргізеді. Jusan барлық жұмыскерлерге Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік кепілдіктер береді.

Jusan қызметкерлердің еңбекақысын еңбекақыны грейдерлеу арқылы, сондай-ақ атқаратын лауазымының өзгеруіне байланысты тұрақты түрде арттыруға ұмтылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Jusan жұмысшыларының 37%-ында жалақысы өскен. Біз Банк қызметкерлерінің еңбегін төлеуде гендерлік айырмашылықты ба-рынша азайту нысанына грейдерлеу процесін бастадық.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тиімді әлеуметтік саясатты іске асыру мақсатында Jusan жұмыскерлердің жекелеген санаттарына, оның ішінде бала күтімін жүзеге асыратын, уақытша еңбекке қабілетсіз адамдарға және өзге де санаттарға қаржылық қолдау, міндетті жеңілдіктер мен кепілдіктер береді. Кәсіптік тәуекел деңгейін ескере отырып, қызметкерлерді жыл сайынғы міндетті сақтандыру жүзеге асырылады.

Сонымен қатар банкте қызметкерлер үшін қосымша қолдау шараларының жүйесі бар, мысалы, материалдық көмек (қызметкердің

жақын туысы қайтыс болған кезде жерлеуге, қызметкер қайтыс болған кезінде жерлеуге). Қолдау шаралары Jusan компаниясының барлық қызметкерлеріне, соның ішінде бас кеңсеге немесе филиалдық желіге қызмет істейтініне қарамастан қолданылады.

Бас Банк пен Алматы филиалының қызметкерлері үшін Royal Club фитнес-клубтарының желісіне баруға жеңілдік қарастырылған.

Jusan
жұмысшыларының
37% -ында
жалақысы өскен



ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

GRI 103-1,

103-2,

103-3,

403-1,

403-2,

403-4,

403-5,

403-7,

403-9,

403-10

Jusan Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырып, қызметкерлердің еңбегі мен денсаулығын барынша тиімді қорғауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Қызметкерлер үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау қолайлы жұмыс ортасы мен қызметкерлердің тиімді кәсіби қызметінің маңызды элементі болып табылады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін алдын алу шараларын қабылдауды қоса алғанда, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау Банк үшін ұзақ мерзімді басымдық болып табылады.

Тиісті іс-шараларды іске асыру жолымен еңбекті қорғауды басқару жүйесін тұрақты жақсарту көзделген.

Банкте қауіпті өндірістік факторларды тіркеуге және жұмыс орындарындағы жұмыскерлердің еңбек жағдайларының жай-күйіне бақылауды іске асыралады, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйымды тарта отырып, еңбек жағдайларына тұрақты арнайы бағалау жүргізіледі. Өрт сөндіру жүйесі үнемі тексеріледі.

Жарақаттануға немесе денсаулығының нашарлауына әкеп соғуы мүмкін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар туралы хабардар ететін қызметкерлердің шағымдары ескерілді.

Jusan қызметкерлері нұсқаулар өткізу және оқытудың әртүрлі түрлері, корпоративтік электрондық ақпараттық ресурстар, ақпаратты жалпыға қолжетімді орындарда, оның ішінде Банктің ішкі ақпараттық порталында орналастыру арқылы еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары туралы хабардар етіледі.

Қызметкерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес еңбекті қорғау бойынша оқудан және еңбекті қорғау талаптарын білуі бойынша тексеруден өтеді. Jusan жаңа жұмысшылары еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқаулықтан өтеді.

Қызметкерлер күн сайын банк бөлімшелерінің клиенттері мен келушілерінің қауіпсіздігін, соның ішінде денсаулық пен өмірге қауіп төндіретін оқиғаларға жол бермеуге тырысады. Jusan компаниясында апаттар, оқыс оқиғалар мен жазатайым оқиғалар орын алған кездегі қызметкерлердің әрекет тәртібі әзірленген. Төтенше жағдайлар кезінде қызметкерлердің қауіпсіздік ережелері мен дағдылары туралы тұрақты түрде хабарламалар таратылады.

Банк қызметіне және заңнама талаптарына сәйкес кәсіптік тәуекел деңгейі ескеріле отырып, қызметкерлерді жыл сайынғы міндетті



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАСЫНА ЖӘНЕ БАНКТИҢ ІШКІ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ОҚУДАН ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТАЛАПТАРЫН БІЛУІ БОЙЫНША ТЕКСЕРУДЕН ӨТЕДІ.

ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ

сақтандыру жүзеге асырылады. Банк қызметкерлеріне COVID-19 вакцинасын алуға ниет білдірушілерді жинауды және оны алуды ұйымдастыруды қоса алғанда, вакцинациялау бойынша жұмыс жүргізілді. Банкте еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау аспектілерін қамтитын кәсіподақтармен қандай да бір келісімдер жоқ.

2021 жылы банкте өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкерлердің жарақаттануына байланысты жазатайым оқиғалар болған жоқ. Сонымен қатар өліммен аяқталған жазатайым оқиғалар тіркелмеді. Жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті (LTIR, 1 млн жұмыс істеген адам-сағатқа коэффициент) - 0.

Jusan-да қаржы мекемесі ретінде қауіпті факторлар жоқ. Банкте кәсіпке байланысты аурулар тіркелмеді.

Мұндай жағдайлар туындаған кезде олар белгіленген тәртіппен тергеледі. Атап айтқанда, жазатайым оқиға кезінде персонал бойынша жауапты қызметкерлер сақтандырушы өкілінің және уәкілетті мемлекеттік органның қатысуымен сақтандыру жағдайының мән-жайына мән-жайына тексеру жүргізеді, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуді және қызметкердің еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындау үшін куәгерлік ету жұмыстары ұйымдастырылады.

Қызметкерлердің денсаулығына төнетін қауіптерді азайту үшін, соның ішінде COVID-19 алдын алу мақсатында банк кеңселерде күшейтілген тазарту және дезинфекция жүргізді, санитайзерлерді қолданды, әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін кеңістікті физикалық түрде бөлді, сонымен қатар қашықтан жұмыс режимінде, яғни үйден онлайн режимінде қызметтік міндеттерді орындау үшін жағдай жасады.

Банк қызметкерлерді спортпен шұғылдануға белсенді түрде шақырады, соның ішінде корпоративтік спорттық іс-шаралар мен спорттық тимбилдингтерді ұйымдастырады.

2021 ЖЫЛЫ БАНКТЕ ӨЗІНІҢ ЕҢБЕК МІНДЕТТЕРІН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАРАҚАТТАНУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР БОЛҒАН ЖОҚ



КОРПОРАТИВТІК ІС-ШАРАЛАР ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ЕРІКТІЛІК ҚЫЗМЕТІ

Корпоративтік іс-шаралар мен еріктілер қозғалысы ұжымның бірлігін арттырудың, қызметкерлердің жақсы қарым-қатынасын қамтамасыз етудің және күшті командалық рухты қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Есеп беру кезеңінде банктің 300-ден астам қызметкері әртүрлі волонтерлік және спорттық жобалар мен бастамаларға қатысты.

Банктің 2021 жылғы волонтерлік бастамаларының ішінде келесілерге назар аударайық:

- 2021 жылғы мамыр-қараша аралығында банк филиалдары арасында «Үздік әлеуметтік жоба» корпоративтік байқауы өткізілді.
- 2021 жылдың мамыр айында Банк қызметкерлері Ұлы Отан соғысының ардагерлерін және Алматы қаласы Медеу ауданының еңбек батырларын құттықтады.
- 2021 жылғы желтоқсанда Банктің 100-ден астам қызметкері «Жаңа жылдық ғажайып» акциясына қатысты. Күндізгі ауысымның балаларына арналған «Шапағат» медициналық-әлеуметтік мекемесінен БЦП диагнозы қойылған 32 бала және «Надежда» отбасылық балалар үйінен шыққан 17 бала Аяз атаға жазға сыйлықтарды Жаңа жылда алды. Jusan өз қызметкерлеріне еріктілер ретінде көмектесуге дайын болғаны үшін алғыс білдіреді. Біз оларды игі істерге шабыттандыра алғанымызға қуаныштымыз.



Банк қызметкерлердің салауатты өмір салтын қолдауға, сондай-ақ мүмкіндігінше, клиенттер мен банк қызметін жүргізетін өңірлердегі халыққа көңіл бөледі. Спорттың дамуына ықпал ете отырып, Jusan жұмыскерлердің спорттың әртүрлі түрлері бойынша командалық және жеке спорттық іс-шараларға қатысуын құптайды.

2021 жылы мынадай спорттық іс-шаралар атап өтуге болады:

- 2021 жылдың сәуірі: Шымкент қаласындағы қаржы ұйымдары арасындағы футбол турнирі, онда Jusan Оңтүстік Қазақстан филиалының командасы I орын алды.
- 2021 жылдың тамызы: үстел теннисінен банк қызметкерлері арасындағы турнир, қатысушылар саны - 70 адам.
- 2021 жылдың қыркүйегі: банк қызметкерлері «Алматы Марафоны 2021»-ге қатысты, Банк 64 қызметкерге демеушілік көрсетті (экидэн командасы, 21 км және 42 км қашықтықтар).
- 2021 жылдың қарашасы: банк командасының қаржы ұйымдары арасындағы волейболдан турнирге қатысуы.
- 2021 жылдың желтоқсаны: футбол турнирі, Көкшетау қаласы әкімінің кубогы үшін Jusan Ақмола филиалының командасы I орын алды.



JUSAN ӨЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЕРІКТІЛЕР РЕТІНДЕ КӨМЕКТЕСУГЕ ДАЙЫН БОЛҒАНЫ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРЕДІ.

тарау 05

ЭКОЛОГИЯ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕР

Jusan өз қызметінің қоршаған ортаға әсерін тиімді басқару ұстанымын бұлжытпай орындайды, оның ішінде Банк активтердің, ішкі операциялардың, несие және қаржы қызметінің әсерін кезең-кезеңмен есепке алуға және бағалауға ниетті.

Ұзақ мерзімді перспективаға есептегендегі жұмыстың негізгі бағыттары:

- Ресурстарды тиімді пайдалану, парниктік газдар шығарындылары мен түзілген қалдықтарды бақылау арқылы тікелей теріс әсерді азайту.
- Қарыз алушылармен жұмыс шеңберінде ESG-факторларын толыққанды есепке алу арқылы несиелік портфельді басқаруды жақсарту арқылы жанама әсерді азайту.

Қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару экологиялық заңнама талаптарының мүлтіксіз орындалуына негізделеді, оның өзгерістерінің мониторингі мен есебін банктің жауапты қызметкерлері тұрақты негіз-

де жүзеге асырады. Jusan қалдықтармен жауапты жұмыс істеу, ресурстарды ұтымды пайдалану, энергия тиімділігін басқару тәжірибесін енгізеді.

Jusan ұзақ мерзімді перспективада қарқынмен дамып келе жатқан қаржы мекемесі ретінде, аз көміртекті дамуға өз үлесін кеңейтуге, оның ішінде цифрландыру, қарыз алушыларға ESG-бағалау жүргізу, тұрақты қаржылық шешімдер мен жауапты өнім ұсынысын әзірлеу арқылы кеңейтуге мүдделі.

Банктің шағын және орта бизнеске, сондай-ақ бөлшек сегментке бағыт алғанын ескере отырып, оның несие портфелі өндірістік болып табылмайды – негізгі клиенттер арасында қоршаған ортаны ірі ластаушылар жоқ.

Jusan өзінің корпоративтік клиенттеріне аз көміртекті дамуға көшу бойынша қолдау көрсетуге ниетті.



JUSAN ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЖАУАПТЫ ЖҰМЫС ІСТЕУ, РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ, ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН БАСҚАРУ ТӘЖІРИБЕСІН ЕНГІЗЕДІ.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕР

Атап айтқанда, біз «Даму «ҚДҚ» АҚ-ның БҰҰДБ-мен бірлесіп энергия үнемдеу және парниктік газдар шығарындыларын азайту әлеуеті бар жобаларды қолдауға бағытталған «төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» субсидиялау бағдарламасына қатысамыз. Бұл бағдарлама бойынша кредиттің максималды сомасы 350 млн теңгеге жетті.

2021 жылы Банктің ESG-диагностикасы өткізілді, бұл экологиялық саладағы қызметтің тиімділігін арттыру бойынша негізгі мүмкіндіктер мен ұсыныстарды анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Jusan сыртқы консультанттарды тарту арқылы қызметкерлердің жеке топтарын экологиялық жауапты қызметке және аз көміртекті дамуға байланысты озық халықаралық практикаларға оқытуды ұйымдастырды.

Бизнестің орнықты дамуын басқарудың үздік тәжірибесіне сүйене отырып, 2022 жылы Банктің ESG-трансформациясын үйлестіру үшін басқарма төрағасының басшылығымен ESG бойынша жұмыс тобын

құру туралы шешім қабылданды. Jusan экологиялық менеджмент жүйесінің элементтерін қалыптастыруға, экологиялық тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйесіне экологиялық тәуекелдерді бағалауды біртіндеп интеграциялауға және Банктің қоршаған ортаға теріс әсерін әлсіретуге ықтимал бағыттарды айқындауға кірісті.

Экологиялық басқару үшін жауапкершілік жеке функционалдық бөлімшелерге, сондай-ақ банк басқармасына жүктелген.

Өз қызметінің ерекшелігін және заң бұзушылықтарға жол бермеу бойынша тиісті түрде жүргізілген жұмысты ескере отырып, 2021 жылы Банк Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзбады және табиғат қорғауды бақылаушы органдар тарапынан айыппұлдарға ұшырамады.



**JUSAN ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕ-
ЕСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА,
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ-
ДЫҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
ЖҮЙЕСІНЕ ЭКОЛОГИ-
ЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАҒАЛАУДЫ БІРТІНДЕП
ИНТЕГРАЦИЯЛАУҒА
ЖӘНЕ БАНКТИҢ ҚОР-
ШАҒАН ОРТАҒА ТЕРІС
ӘСЕРІН ӘЛСІРЕТУГЕ
ЫҚТИМАЛ БАҒЫТТАРДЫ
АЙҚЫНДАУҒА КІРІСТІ.**

КӨМІРТЕК ІЗІН БАҒАЛАУ

Банк климаттың өзгеруімен күресудің маңыздылығын ескереді және Париж келісімінің мақсаттарына жетуге тырысады. Бірінші қадам ретінде Банктің ішкі шаруашылық операцияларынан парниктік газдар шығарындыларын бағалау жүргізілді (Scope 1 және Scope 2).

2021 жылға арналған парниктік газдар эмиссияларын верификацияланған сандық бағалау: тікелей шығарындылар (Scope 1) – 2 595,2 тонна CO₂-экв., жанама энергетикалық (Scope 2)-17 709,3 тонна CO₂-экв. Персонал бірлігіне келтірілген парниктік газдар шығарындыларының үлестік мәні (Scope 1 және 2) CO₂-экв/адам 3,48 тоннаға жетті.

Эмиссияларды есептеу МГЭИК, 2006 парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басшылық қағидаттарын қолдану арқылы, сондай-ақ GHG Protocol негізінде жүзеге асырылды.



Парниктік газдар эмиссиялары, тонна

тікелей шығарындылар
(Scope 1)

2 595,2 ТОНН
CO₂-ЭКВ.

жанама энергетикалық
(Scope 2)

17 709,3 ТОНН
CO₂-ЭКВ.

СУДЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ АҒЫН СУЛАР

Есепті кезеңде Банктің меншікті кеңселері бойынша 29,9 млн литр суық су тұтынылды. Есепке алу ерекшеліктеріне байланысты Банктің жекелеген филиалдарында жылумен жабдықтау және ыстық су беру жөніндегі деректер біріктірілген. Осы себепті ыстық суды тұтыну көлемі бойынша толық деректерді ұсыну есепті дайындау кезінде мүмкін емес болып көрінеді. Ағынды су көлемі – 36,4 млн литр.

Өңірлердегі шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін суық су орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету жүйелерінен келіп түседі. Ыстық су қатысу аймағына байланысты орталықтандырылған жүйелерден пайдаланылады немесе жергілікті су жылытқыштар есебінен, оның ішінде кеңселерді жылыту үшін сол жерде өндіріледі.

Судың ұтымды шығынын арттыру үшін Банк су құбыры желілерінің жарамды жай-күйін бақылайды, ыстық және суық суды тұтынуды өлшеу үшін есептеуіштерді пайдаланады.

Банк қызметінің нәтижесінде пайда болған шаруашылық-тұрмыстық ағын сулар тиісті шарттардың негізінде ағын суларды тазартумен айналысатын бөгде ұйымдарға жіберіледі.

Ағын суларды ағызу сапасына қатысты тек мемлекеттік стандарттар мен нормативтер пайдаланылады. Есепті кезеңде су заңнамасын бұзушылықтар және меншіктегі объектілер үшін бақылаушы органдар тарапынан нұсқамалар жоқ.



ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ҚОЛДАНУ

Есепті кезеңде Банктің меншікті офистерінің қызметі нәтижесінде 5 613 текше метр көлемінде қатты тұрмыстық қалдықтар пайда болды.

Банк қызметі барысында негізінен қауіпсіз қатты тұрмыстық қалдықтар пайда болады. Шарттық қатынастар шеңберінде пайда болған барлық қалдықтар оларды жинауға, тасымалдауға, өңдеуге, кәдеге жаратуға, орналастыруға арналған лицензиялар шеңберінде қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бөгде ұйымдарға беріледі.

Қалдықтардың көлемін қысқарту мақсатында электрондық құжат айналымына көшу, құрамында сынабы бар шамдарды пайдаланудан бас тарту, сондай-ақ баспа картридждерін тонермен қайта толтыру сияқты кеңсе техникасын қайта пайдалану тәжірибесі жүзеге асырылады.

Банк қалдықтардың пайда болу көлемін қысқартуға бағытталған қосымша іс-шараларды зерттеуде.

Өзінің бірқатар ірі кеңселерінде Банк кейіннен қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға беру үшін батареяларды, пластикті, қағазды орталықтандырылған жиын ұйымдастыруды бастады. Сондай-ақ біз кеңселерде орналасқан тамақтану орындары мен сауда автоматтарында бір рет қолданылатын пластикалық ыдыстарды біртіндеп қолданыстан шығарамыз.



Қалдықтардың көлемі, текше м³

5 613 текше метр

көлемінде қатты тұрмыстық қалдықтар пайда болды.

Негізгі офис

971,5
текше метр

Филиал желісі

4 641,6
текше метр

ЖЫЛУ-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ТҰТЫНУ

Jusan офистері мен автокөліктерінің жылу-энергетикалық ресурстарды тұтынуы

	2021
Электр энергиясы	
кВт/сағ	9 693 775
ГДж	34 897
Жылу энергиясы	
Гкал	11 141
ГДж	46 649
Дизельді отын	
мың литр	25,4
ГДж	941
Бензин	
мың литр	207,3
ГДж	6 778
Газ	
мың. м ³	159,7
ГДж	6 229
Энергияның ортақ жұмсалуды, ГДж	95 494



Ескерту. Есептеулер үшін тиісті коэффициенттер мен мәліметтер негізінен мыналардан алынған:
 - Отын-энергетикалық теңгерімді қалыптастыру және энергетика саласын сипаттайтын жекелеген статистикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесі (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2016 жылғы 11 тамыздағы №160 бұйрығымен бекітілген).
 - МГЭИК парниктік газдарды ұлттық түгендеудің басшылық қағидаттары, 2006.

РЕСУРСТАРДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ТҰТЫНУ

Банк үшін ресурстарды тиімді пайдалану – оның ішінде оны үнемдеу қағидаттары мен бизнесті жүргізу әдістерін имплементациялау, экологиялық құзыреттерді және қызметкерлердің хабардарлығын дамыту арқылы маңызды бағыт.

Жаңа технологиялық шешімдерге көшу есебінен біз есепті кезеңде тұтынылуы 147,5 тоннаға жеткен қағазды азырақ пайдалану үшін үнемі жұмыс істейміз.

Банк ішкі процестерді цифрландыру және іс қағаздарын жүргізуді электрондық форматқа көшіру арқылы қағазсыз құжат айналымын енгізді. Мысалы, desktop-on-demand технологиясы кездесулер мен келіссөздерге қатысушыларға файлдарды экранда көруге мүмкіндік береді, осылайша олардың басып шығарылған нұсқаларын тарату қажеттілігін жояды.

Jusan – пластик тұтынушысы. Есепті кезеңде бөлшек және private banking сегменттерінде 450,5 мың пластикалық карта шығарылды, оларды дайындауға шамамен 2,3 тонна пластик жұмсалды.

Банктің цифрлық карталарды дамытуға бағыт алуы пластикті пайдалану және одан әрі қайта өңдеу қажеттілігін күрт азайтуға, соның салдарынан қоршаған ортаға жағымсыз әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

2021 жылы 442,5 мың цифрлық карта шығарылды. Бұл 2,3 тоннаға дейін пластикті үнемдеуге мүмкіндік берді (цифрлық карталардың орнына ұқсас пластикалық карталар шығарылған жағдайда).

Энергия тиімділігін арттыру мақсатында ішкі үй-жайлар мен қасбеттерді жарықтандыру үшін тек қана энергия тұтынуы төмен люминесцентті және жарықдиодты шамдар қолданылады, олардың қызмет ету мерзімі өткеннен кейін оларды жинау және одан әрі қауіпсіз қайта өңдеу үшін мамандандырылған ұйымдарға беру жүзеге асырылады. Ірі кеңселерде ауаны баптау және желдету жүйелерін автоматтандыру енгізілуде, бұл электр энергиясын тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді.

Банк энергия ресурстарын тұтынуды бақылау мен есепке алудың заманауи әдістерін енгізуге, инженерлік жүйелерді уақытылы қайта құру мен модернизациялауға бағытталған.

Банк өзінің автопаркіне қойылатын барлық техникалық талаптарды автомобильдерге мерзімді техникалық байқау жүргізе отырып орындайды. Бұл отынды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуге және пайдаланылған газдардағы зиянды заттардың құрамын бақылауға мүмкіндік береді. Jusan электр автомобильдер, велосипедтер, және электр скутер, соның ішінде экологиялық таза көлік пайдаланатын жұмысшыларды қолдайды.

Банк жаңартылатын энергияны, сондай-ақ тек желілік электр энергиясын тұтыну арқылы бу мен салқындату энергиясын пайдаланбайды. Алайда біз жаңартылатын энергияны іске қосуға, оның ішінде score 2 парниктік газдардың корпоративтік эмиссияларын азайтуға бағытталған мүмкіндіктерді іздеуге тырысамыз.



2021 жылы

442,5
МЫҢ
цифрлық карта
шығарылды

«ЖАСЫЛ КЕҢСЕ» ЖОБАСЫ

2021 жылы Jusan Eco Network экологиялық қауымдастығының авторлық бастамасы болып табылатын «Жасыл кеңсе» жобасын корпоративтік деңгейде іске асыруға дайындықты бастады.

«Жасыл кеңсе» жобасының мақсаты қалдықтарды ақылға қонымды тұтынудың, азайту мен қайта өңдеудің тұрақты тәжірибесін корпоративтік деңгейде қалыптастыру болып табылады.

2022 жылы Jusan ECO Network экожүйесіне қосылу туралы шешім қабылдады.

Бірінші қадам ретінде Банк ECO Network қосымшасы арқылы ұйымдастырылған алғашқы эко-марафонға қатысты.

Эко-марафон – бұл қатысушылардың кеңсе ішінде де, үйде де ақылға қонымды тұтынудың тұрақты тәжірибесін қалыптастыруға бағытталған онлайн-шара. Эко-марафонға 6 ұйымнан 100-ге жуық адам қатысты. Jusan командалық есепте бірінші орын алды.

Банк қызметкерлерінің эко-марафонға қатысуы «жасыл кеңсе» жобасын іске қосу алдындағы маңызды қадам болды. Атап айтқанда, бұл Банк ішінде эко-белсенділер тобын құруға мүмкіндік берді, олар жобаны іске қосу, әріптестерін хабардар ету, жоба са-

пасын бақылау бойынша пилоттық жауапкершілікті өз мойнына алды.

Банк 2022 жылдың ортасында «Жасыл кеңсе» жобасын толыққанды іске қосты.

Бірінші кезең үш айға есептелген, осы кезең ішінде Алматы және елордада Jusan банктік қызмет көрсету кеңселері мен орталықтарының қызметкерлерін оқыту жүзеге асырылады. Зағиптар қоғамы берік картоннан (бұл да әлеуметтік міндет болып табылады) дайындайтын бокстарды қоса алғанда, қалдықтарды бөлек жинау үшін қажетті инфрақұрылыммен, сондай-ақ бокстарға жапсырмалармен, плакаттармен, таныстыру роликтерімен қамтамасыз ету жүргізілуде.

2022 жылдың шілдесіндегі жағдай бойынша «Жасыл кеңсе» жобасы шеңберінде:

- банк қызметкерлерін оқыту жүргізілді;
 - қалдықтарды одан әрі өңдеу мақсатында оларды бөлек жинау үшін 225 бокс орнатылды;
 - кеңселерде және банктік қызмет көрсету орталықтарында 50-ден астам жеке жинау мониторингі ұйымдастырылды.
- Жоба шамамен 3,5 мың Jusan жұмысшыларын қамтыды.



тарау 06

ҚОҒАМҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕР




ФИЛАНТРОПИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУ

Біз ірі қаржы мекемесі ретінде, қоғамдастықтарды қолдауда маңызды рөл атқаруымыз керек деп санаймыз, сондықтан Jusan негізгі қызметінен бөлек қоғамның дамуына өз үлесін қосуға тырысады.

Құрылған сәтінен бастап Jusan белсенді түрде қызметін жүргізетін өңірлерде қоғамдастықтарды қолдауға бағытталған қоғамдық маңызы бар және қайырымдылық жобалар мен бастамаларды іске асыруға атсалысады. Орнықты даму қағидаттарын іске асыра отырып, біз өңірлердегі қоғамдастықтармен диалогта болуға ұмтыламыз.

Банк әрбір әлеуметтік жоба мен бастаманы өзінің имиджі мен беделін, сондай-ақ қоғаммен әлеуметтік қарым-қатынасты нығайтуға ықпал ететін маңызды элемент ретінде таниды. 2021 жылы өңірлерде әлеуметтік жобаларды іске асыруға тікелей шығындар 20 млн теңгеге жетті.

Әлеуметтік және қайырымдылық жобаларды іске асыру барысында Банк нәтижелілік, ашықтық және жүйелілік сияқты түйінді қағидаттарға негізделе отырып, өзінің негізгі қызметінің стратегиялық басымдықтарына және корпоративтік мәдениет құндылықтарына бағыт алады.



- Өзгерістерді әкелетін нақты бағытты қолдау арқылы нәтижелерге қол жеткізу.
- Қоғамның қажеттіліктерін анықтау, сенімді серіктестік құру.
- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті насихаттау.
- Қызметкерлерге қоғамды жақсартуға деген ұмтылысын қолдау.

Осы саладағы Jusan іс-шаралары 2021 жылғы қыркүйекте Банк Басқармасы бекіткен қайырымдылық көмекті есепке алу бойынша процеске сәйкес іске асырылады.



БІЛІМ САЛАСЫН ҚОЛДАУ

Jusan әлеуметтік қызметінің басым бағыты – білім беруді қолдау. Бұл – корпоративтік жүйенің ажырамас бөлігі.

Банк барлық деңгейдегі білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру арқылы инклюзивті және тұрақты қоғам құруға жәрдемдесуге бек ниетті. Білім – инновацияны дамытудың және әлеуметтік теңсіздікті азайтудың кілті. Біздің білім беруді қолдауға талпынысымыз – бұл қоғамның болашағына және Қазақстан Республикасының жас буынына бағытталған инвестиция.

Банктің айрықша ерекшелігі түпкі бенефициар білім беру эндаумент-қорымен біріктірілген «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарының инвестициялық холдингі болып табылады. Осылайша, банктің әлеуметтік кәсіпорын ретіндегі қызметінен түскен табысы Қазақстан Республикасының осы жетекші білім беру мекемелерін дамытуға бағытталады.

Сонымен қатар 2021 жылдың басында банк 9-12 сынып оқушылары мен 1-2 курс студенттері арасында «жаңартылатын энергия көздері» тақырыбында Caspian Startup-2021 инновациялық стартаптардың халықаралық конкурсын ұйымдастыру үшін Ақтау қаласының «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне» демеушілік етті.

2021 жылдың қазан айында Банк демеушілік көмек ретінде Түр-

кістан қаласының 10 орта білім беретін мектептеріне жаңа «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің» ашылуына орай робототехника жиынтығын берді.

2021 жылдың желтоқсанында Банк Markethon 5.0 Digital-маркетинг саласында онлайн-жарыс өткізу үшін Nazarbayev University Research and Innovation System ЖМ-не демеушілік етті.

2021 жылы Банк Jusan Singularity білім беру бастамасын – Java Backend, DevOps әзірлеу, Front End, iOS, Android сияқты бағыттар бойынша бағдарламашылар мен әзірлеуші мамандарды даярлау бойынша тегін IT-мектепті тәжірибелік іске асыруға дайындауға бастамашылық жасады. Тағылымдама елордада және Алматы қалаларында өтуде. IT-мектеп түлектері Jusan тобына жұмысқа орналаса алады.

2022 жылдың бірінші тоқсанында осы бірегей жобаны жүзеге асыру сәтті басталды. Түлектердің бірінші тобы, бұл 150 IT-маман, Jusan тобында жұмысқа орналасты.

Банк өзінің еншілес компанияларымен серіктестікте халықтың қаржы сауаттылығын арттыруға қатысуда, ол клиенттер мен жалпы қоғамның экономикалық мүмкіндіктері мен әлеуметтік жағдайын кеңейтудің қозғаушы күші болып табылады. Қаржы сауаттылығын жеке қаржыны басқару, қаржы мекемелерімен дұрыс өзара әре-



Білім – инновацияны дамытудың және әлеуметтік теңсіздікті азайтудың кілті.

БІЛІМ САЛАСЫН ҚОЛДАУ

кет жасау сияқты аспектілер бойынша адамдардың құзыретін күшейтуге мүмкіндік береді, сөйтіп инвестициялау, бизнес жүргізу және кәсіпкерлік негіздерін түсінуді қалыптастыруға көмектеседі.

Атап айтқанда, «First Heartland Jusan Invest» АҚ базасында халықтың көпшілігі үшін қазақ және орыс тілдерінде ыңғайлы онлайн-оқыту форматы бар, 24/7 режимінде курстарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін Jusan Academy қаржы сауаттылығын арттыру бойынша тегін білім беру жобасы табысты іске асырылуда. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 11 өңіріндегі 21 мектептің 15 мыңнан астам оқушысы қаржы сауаттылығын арттыру бойынша тегін курстардан өту мүмкіндігіне ие.

2022 жылы банк әлемде алғашқылардың бірі болып 10-16 жас аралығындағы балаларға арналған қосымшаны іске қосты, онда жас қазақстандықтар қаржы туралы білімін кеңейтіп,, нақты бағалы қағаздарға инвестиция жасай алады.

Jusan Junior қосымшасында KASE Global тізімінен кез келген акциялармен, сондай-ақ KASE қор биржасындағы қазақстандық компаниялардың акцияларымен сауда жасауға болады. Junior шоты ата-ананың шотына бекітілген, ол кез келген уақытта баланың операцияларын тексеріп, лимиттер орнатып, мобильді қосымша арқылы шотты толтыра алады. Алдымен жасөспірімдерге бейімделген Jusan академиясында бейне тренингтен өту керек.

Jusan сондай-ақ клиенттермен өзара іс-қимыл жасау кезінде өзінің күнделікті консультациялық қызметі шеңберінде қаржы нарығы, қаржы өнімдері мен қызметтері туралы білімді кеңейтуге ықпал етеді.



**2022 ЖЫЛЫ БАНК ӘЛЕМДЕ
АЛҒАШҚЫЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП
10-16 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БА-
ЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША-
НЫ ІСКЕ ҚОСТЫ, ЖАС ҚАЗАҚСТАН-
ДЫҚТАР ҚАРЖЫ ТУРАЛЫ БІЛІМІН
КЕҢЕЙТІП, НАҚТЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ-
ДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАЙ АЛАДЫ.**

ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАР



2021 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗЫНДА

Банк профессор Х.Ж. Мақжанов атындағы көпсалалы ауруханаға автокөлік сатып алу түрінде қайырымдылық демеушілік көмек көрсетті.

2021 ЖЫЛЫ 9 МАМЫРДА

Банк Алматы қаласы Медеу ауданының және филиал желісінің Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне қайырымдылық көмек көрсетті. Жалпы 124 ардагер қайырымдылық көмекке ие болды.

2021 ЖЫЛДЫҢ МАУСЫМЫНДА

Қазақстанда коронавирус инфекциясының таралуына қарсы күрес жалғасып жатқан жағдайда, Банк медициналық мекеме қызметкерлері үшін жеке қорғаныс құралдарын сатып алу үшін қайырымдылық көмек түрінде «Степногорск Көпбейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ-дағы МКК қаражат бөлді.

2021 ЖЫЛДЫҢ КҮЗІНДЕ

Банк Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы әскери бөлім аумағында болған жарылыстан зардап шеккен отбасыларға қаржылай көмек көрсетті. Ақшалай көмек зардап шеккен отбасылардың пайдасына қаражат жинау үшін арнайы құрылған «Сенім-Байзақ» қоғамдық қорына аударылды.

ЕСЕП ТУРАЛЫ

GRI 102-32,

102-45,

102-46,

102-50,

102-52,

102-54

«First Heartland Jusan Bank» АҚ-тың 2021 жылғы орнықты даму жөніндегі есебі Банктің қызметі туралы қаржылық емес ақпаратты ашуға арналған дербес жария құжат болып табылады.

Есеп жыл сайын Jusan жалпы жылдық есебінің бөлігі ретінде жарияланады және Банктің қаржылық есеп беру құжаттарымен бірге қаралуға тиіс.

Есеп 2021 жылдың 1 қаңтары мен 2021 жылдың 31 желтоқсаны аралығындағы кезеңде Банк үшін орнықты даму саласындағы аса маңызды жайттар мен процестерді ашады. Бұл қажет және орынды жерде есепке 2022 жыл бойынша, сондай-ақ орта және ұзақ мерзімді перспективалардағы Банктің болашақ даму бағыттары бойынша ақпарат, көрсеткіштер мен деректер енгізілген.

Есеп бас кеңсе мен Jusan филиалдық желісін қамтиды. Есепте қамтылған экономикалық және қаржы көрсеткіштері туралы деректер негізінен халықаралық қаржы есептері стандарттарына (ХҚЕС)

сәйкес дайындалған және сыртқы аудитор тексерген Банктің 2021 жылғы жеке қаржы есебінен алынған ақпаратқа негізделген. Қаржы көрсеткіштері теңгемен берілген.

Есеп банктің жауапты банк қызметіне стратегиясы мен тәсілдерін, корпоративтік құндылықтарды, бизнестің ESG-трансформациясының басымдықтарын, орнықты дамуға және Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттарына байланысты банк үшін негізгі тақырыптар бойынша ақпаратты, көрсеткіштер мен деректерді ашадy. Бұдан басқа, есепке экономикалық және қаржы қызметіне жататын жекелеген көрсеткіштер енгізілген. Есеп үшін ақпарат, көрсеткіштер және деректер бас кеңседе жинақталады және тексеріледі.

Біздің мүдделі тараптар Банктің халықаралық стандарттар мен орнықты даму қағидаттарын, оның ішінде ақпаратты жария ету сапасы мен дәрежесі тұрғысынан деңгейін төмендетпеуін күтеді.



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Осылайша, есеп Банктің барлық мүдделі тараптарына 2021 жылы біздің қызметіміздің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсері туралы нақты ақпарат беруге арналған. Есепте Jusan компаниясының қызметкерлерге, клиенттерге, акционерлерге, инвесторларға, жеткізушілерге және жалпы қоғамға құндылықтар құрудағы еңбегі көрсетілген. Есепке Банктің көзқарасы бойынша көптеген мүдделі тараптар үшін қызығушылық тудыратын ақпарат енгізілген.


Есептегі ақпарат банктің негізгі экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерін көрсететін немесе оның мүдделі тараптарының көзқарастары мен шешімдеріне елеулі әсер етуі мүмкін көрсеткіштер ретінде қарастырылады. Маңыздылық талдау мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне сәйкес ақпаратты жариялаудың есеп беру үшін басым бағыттарын анықтау үшін негіз болды.

Есеп «Core» нұсқасында орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (Global Reporting Initiative, GRI)

стандарттарына сәйкес дайындалды. GRI стандарттары орнықты даму саласындағы есептіліктің халықаралық танылған стандарттары болып табылады. GRI стандарттарының тізімі есепте GRI стандарттарының көрсеткіші бөлімінде жазылған, 83 бет.

Есеп Банк Басқармасының шешімімен бекітіледі және Jusan корпоративтік сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

Jusan бұдан әрі орнықты даму саласындағы халықаралық есептілік стандарттарына сәйкес өзінің қаржылық емес есептілігіндегі ақпараттың сапасы мен ашылу дәрежесін кезең-кезеңімен арттыруға ниетті. Банк мүдделі тараптардың пікірлері мен реакцияларын қадағалауға, сондай-ақ банк ұсынатын қызметтердің, операциялар мен өнімдердің сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралар мен сауалнамаларды тұрақты негізде жүргізуге ұмтылады.



БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Банк есепте көрсетілетін ақпараттың толықтығы мен өзектілігі бойынша мүдделі тараптардан кері байланыс алуға мүдделі.

Есептің шыққан күні – 2022 жылдың қыркүйегі.

Толық атауы

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік Қоғамы

Қысқартылған атауы

«Jusan Bank» АҚ

Бас кеңсенің заңды мекенжайы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Назарбаев даңғылы, 242-үй

SWIFT коды

TSESKZKA

Телефон

+7 (717) 258-77-11

Корпоративтік сайт

<https://jusan.kz/>

Есеп бойынша кері байланысқа арналған электронды пошта

info@jusan.kz

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

Стандарттар

GRI 102-55

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 102: Жалпы ашу				
Ұйым туралы қысқаша ақпарат				
102-1	Ұйым атауы	Банк туралы	05	
102-2	Қызметі, брендтері, тауарлары және қызметтері	Банк туралы	05	
102-3	Ұйымның штаб пәтерінің орналасқан жері	Банк туралы Қызмет географиясы; Байланыс ақпараты.	05, 11, 82	
102-4	Қызмет географиясы	Қызмет географиясы.	11	
102-5	Меншіктің түрі және ұйымдық-құқықтық нысаны	Банк туралы.	05	
102-6	Ұйым қызмет жүргізетін нарықтар	Банк туралы; Қызмет географиясы.	05, 11	
102-7	Ұйымның масштабы	Банк туралы; Мықты әрі жан-жақты банк; Қызметкерлер құрылымы.	05, 07, 58	
102-8	Қызметкерлер мен өзге жұмысшылар туралы ақпарат	Адами капиталды дамыту; Қызметкерлер құрылымы.	55, 58	
102-9	Тасымалдаулар тізбегі	Тасымалдаушылармен қарым қатынас.	53	
102-10	Ұйым мен жеткізілімдер тізбегіндегі ірі өзгерістер	Банк туралы.	05	
102-11	Сақтық қағидатын ұстану	Орнықты даму саласындағы тәуекелдерді басқару, тиісті деңгейдегі сақтық.	35	
102-12	Сыртқы бастамалар	Банктің БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына қосқан үлесі	14	
102-13	Қауымдастықтарға мүшелік	Қауымдастықтарға мүше болу.	39	

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
Стратегия				
102-14	Ұйымдағы шешімдер қабылдайтын ең жоғары лауазымды басшының мәлімдемесі	Басқарма Төрағасының үндеуі	03	
Этика және адалдық				
102-16	Құндылықтар, қағидалар, стандарттар, дағдылар нормасы	Іскерлік этика мен корпоративтік мәдениет; Жемқорлықпен күрес; Қаржы қылмыстарымен күрес; Орнықты даму саласындағы тәуекелдерді басқару, тиісті деңгейдегі көрегенділік.	28, 30, 32, 35	
102-17	Этика саласындағы мәселелер бойынша консультациялар жүргізу және ақпараттандыру механизмдері	Қақтығыстарды елеу және құқық бұзушылықтар туралы ақпарат беру	38	
Корпоративтік басқару				
102-18	Корпоративтік басқару құрылымы	Корпоративтік басқару; JUSAN ұйымдық құрылымы.	22, 26	
102-19	Өкілеттік беру	Корпоративтік басқару; Орнықты дамуды басқарудың амалдары.	22, 25	
102-20	Басшылықтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша жауапкершілігі	Корпоративтік басқару; Орнықты дамуды басқарудың амалдары.	22, 25	
102-21	Мүдделі тараптарды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялар өткізу	Жемқорлықпен күрес; Қаржылық қылмыстармен күрес.	30, 32	
102-22	Корпоративтік басқару жоғарғы органының және комитеттерінің құрамы	Директорлар Кеңесінің құрамы.	27	
102-23	Корпоративтік басқару жоғарғы органының Төрағасы	Корпоративтік басқару.	22	
102-25	Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын басқару		
102-26	Корпоративтік басқару жоғарғы органының мақсат қою, құндылықтарды анықтау мен стратегия жасап шығарудағы рөлі	Орнықты дамуды басқарудың әдіс-тәсілдер.	25	
102-27	Жоғарғы басқарушы органның ұжымдық білімдері	Орнықты дамуды басқарудың әдіс-тәсілдер.	25	
102-32	Корпоративтік басқару жоғарғы органының орнықты даму саласындағы есепті дайындау процесіндегі рөлі	Есеп туралы.	80	Есепті Банк Басқармасы бекіткен

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
Мүдделі тараптармен қарым-қатынас				
102-16	Құндылықтар, қағидалар, стандарттар, дағдылар нормасы	Іскерлік этика мен корпоративтік мәдениет; Жемқорлықпен күрес; Қаржы қылмыстарымен күрес; Орнықты даму саласындағы тәуекелдерді басқару, тиісті деңгейдегі көрегенділік.	28, 30, 32, 35	
102-17	Этика саласындағы мәселелер бойынша консультациялар жүргізу және ақпараттандыру механизмдері	Қақтығыстарды елеу және құқық бұзушылықтар туралы ақпарат беру	38	
Корпоративтік басқару				
102-18	Корпоративтік басқару құрылымы	Корпоративтік басқару; Jusan ұйымдық құрылымы.	22, 26	
102-19	Өкілеттік беру	Корпоративтік басқару; Орнықты дамуды басқарудың амалдары.	22, 25	
102-20	Басшылықтың экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша жауапкершілігі	Корпоративтік басқару; Орнықты дамуды басқарудың амалдары.	22, 25	
102-21	Мүдделі тараптарды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша консультациялар өткізу	Жемқорлықпен күрес; Қаржылық қылмыстармен күрес.	30, 32	
102-22	Корпоративтік басқару жоғарғы органының және комитеттерінің құрамы	Директорлар Кеңесінің құрамы.	27	
102-23	Корпоративтік басқару жоғарғы органының Төрағасы	Корпоративтік басқару.	22	
102-25	Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын басқару	33	
102-26	Корпоративтік басқару жоғарғы органының мақсат қою, құндылықтарды анықтау мен стратегия жасап шығарудағы рөлі	Орнықты дамуды басқарудың әдіс-тәсілдері.	25	
102-27	Жоғарғы басқарушы органның ұжымдық білімдері	Орнықты дамуды басқарудың әдіс-тәсілдері.	25	
102-32	Корпоративтік басқару жоғарғы органының орнықты даму саласындағы есепті дайындау процесіндегі рөлі	Есеп туралы.	80	Есепті Банк Басқармасы бекіткен

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
Мүдделі тараптармен қарым-қатынас				
102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізімі	JUSAN мүдделі тараптармен қарым қатынасы	17	
102-41	Ұжымдық келісімшарттар			Банкте ұжымдық келісім-шарттар практикасы енгізілмеген. Ешбір тарап ҚР Еңбек кодексінің 156 бабы 2 тармағына сәйкес ұжымдық келіссөздер жүргізу туралы қызығушылықтарын алға тартпаған
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	JUSAN мүдделі тараптармен қарым-қатынасы	17	
102-43	Ұйымның мүдделі тараптармен қарым-қатынас тәсілдері	JUSAN мүдделі тараптармен қарым-қатынасы Клиенттердің қанағаттануы	17, 43	
102-44	Мүдделі тараптар қозғаған негізгі тақырыптар мен қауіптер	Маңыздылық талдауы; JUSAN мүдделі тараптармен қарым-қатынасы	12, 17	
Есепті әзірлеу				
102-45	Ұйымның біріктірілген қаржылық есебіне қатысатын заңды тұлғалар	Есеп туралы	80	Қаржы есебіне «JUSAN BANK» АҚ (бас офис пен филиалдар) еншілес компанияларсыз ақпарат пен қаржы деректері кіреді
102-46	Есептің мазмұнын және тақырыптарды анықтау	Маңыздылық талдауы; Есеп туралы	12, 80	
102-47	Маңызды тақырыптардың тізбегі	Маңыздылық талдауы	12	Орнықты даму туралы есеп бірінші рет дайындалып отыр.
102-48	Деректерді қайта қарау			

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
102-49	Есептегі өзгерістер			Орнықты даму туралы есеп бірінші рет дайындалып отыр.
102-50	Есептік кезең	Есеп туралы	80	
102-51	Алдыңғы есептің шыққан күні	Есеп туралы	80	Орнықты даму туралы есеп бірінші рет дайындалып отыр.
102-52	Есептің шығу аралығы	Есеп туралы	80	
102-53	Есеп және оның мазмұны туралы сұрақтарды жолдауға болатын байланыс ақпараты	Байланыс туралы ақпарат	82	
102-54	Есептің орнықты даму саласындағы (GRI STANDARDS) Стандарттарға сәйкестігі туралы жариялау	Есеп туралы	80	
102-55	GRI мазмұнының нұсқаушысы	GRI мазмұнының нұсқаушысы	83	
GRI 103: Басқару амалдары				
103-1	Маңызды тақырыптар туралы анықтама			Есепте әрбір маңызды тақырып бойынша ақпаратты жариялау барысында көрсетілген
103-2	Басқару әдіс-тәсілдері және оның компоненттері			Есепте әрбір маңызды тақырып бойынша ақпаратты жариялау барысында көрсетілген
103-3	Басқару әдіс-тәсілдері бағалау			Есепте әрбір маңызды тақырып бойынша ақпаратты жариялау барысында көрсетілген

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 200: Экономикалық категория				
GRI-201: Экономикалық көрсеткіштер				
201-1	Жасалған және таратылған тікелей экономикалық құн	Тікелей экономикалық құн, жасалған және таратылған.	10	
GRI 202: Нарықтағы орны				
202-2	Жергілікті тұрғындар арасынан жалданған жоғары дәрежедегі басшылар үлесі	Адами капиталды дамыту.	55	
GRI 203: Тікелей емес экономикалық әсер				
203-1	Инфрақұрылымға инвестициялау және қайтарымсыз қызметтер	Филантропия және қоғамдастықтарды қолдау.	76	
203-2	Ірі жанама экономикалық әсер	Банктің БҰҰ-ның Орнықты дамуына қосқан үлесі	14	
GRI 204: Сатып алулар				
204-1	Жергілікті тасымалдаушыларға төленетін шығындар үлесі	Тасымалдаушылармен қарым қатынас	53	
GRI 205: Жемқорлықпен күрес				
205-1	Жемқорлықпен қатысы бар тәуекелдерді бағалау жүргізілген бөлімдер	Жемқорлықпен күрес.	30	
205-2	Жемқорлықпен күрес ережелері мен тәсілдері тәсілдері ақпараттандыру және оқыту	Жемқорлықпен күрес.	30	
205-3	Жемқорлыққа қатысты болған оқиғалар және қолданылған амалдар	Жемқорлықпен күрес.	30	
GRI 206: Бәсекелестікке қарсы дағды				
206-1	Бәсекелестікке қарсы, трастқа және монополияға қарсы тәжірибеге байланысты құқықтық әдіс-тәсілдер	Ішкі бақылау және комплаенс бақылау.	34	Есепті кезеңде бұндай жағдайлар болмаған
GRI 207: Салық салу				
207-1	Салық салу амалдары	Салықтар.	36	
207-2	Салықтарды басқару, қауіптерді бақылау және басқару	Салықтар.	36	

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТІҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 300: Экологиялық категория				
GRI 302: Энергия				
302-1	Ұйым ішіндегі энергияны тұтыну	Отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну.	72	
GRI 303: Су және қалдықтар				
303-2	Су бұруға қатысты ірі әсерлерді басқару	Суды тұтыну және ағын сулар.	70	
303-3	Су жинау	Суды тұтыну және ағын сулар.	70	
303-4	Суды ағызу	Суды тұтыну және ағын сулар.	70	
303-5	Суды тұтыну	Суды тұтыну және ағын сулар.	70	Есептің ерекшеліктерін ескере отырып, Банктің жекелеген филиалдарында жылумен қамту және ыстық сумен қамту біріктірілген. Банктің 2021 жылғы реорганизациясын ескерер болсақ, негізгі бөлімдер бойынша суды тұтыну статистикасы толық емес.

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 305: Қалдықтар				
305-1	Парниктік газдардың тікелей қалдықтары (1 қамтылған аумақ)	Көміртек ізін бағалау.	69	
305-2	Парниктік газдардың жанама қалдықтары (2 қамтылған аумақ)	Көміртек ізін бағалау.	69	
305-4	Парниктік газдардың қалдықтарының қарқындылығы			
GRI 306: Қалдықтар				
306-2	Қалдықтардың ірі әсерін басқару	Қалдықтарды қолдану.	71	
306-3	Қалдықтардың жалпы салмағы	Қалдықтарды қолдану.	71	Есептің ерекшеліктерін ескере отырып, қалдықтар бойынша көрсеткіштер текше метрде көрсетілген. Банктің 2021 жылғы реорганизациясын ескерер болсақ, негізгі бөлімдердегі қалдықтардың мөлшері туралы ақпарат толық емес.
GRI 307: Экология заңнамасына сәйкестік				
307-1	Табиғатты қорғау заңы мен нормативтік талаптарын орындамау	Қоршаған ортаға тигізетін әсер.	67	

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 400: Әлеуметтік категория GRI 401: Жұмыспен қамту				
401-1	Жаңа қызметкерлердің жалпы саны, кадрлардың тұрақтамауы	Қызметкерлер құрылымы.		Есептің спецификасына байланысты өңірлердегі қайта жалданған жұмысшылардың саны көрсетілмеген.
401-3	Бала күтімі бойынша еңбек демалысы	Қызметкерлер құрылымы.	58	
GRI 402 Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы				
402-1	Шаруашылық қызметтегі өзгерістер туралы хабарлаудың аралығы	Адами капиталды дамыту.	55	Қызметкерлердің жұмыстағы ыңғайына едәуір әсер ететін шаруашылық қызметтегі өзгерістерді қызметкерлерге алдын ала хабарлау ҚР заңнама-сына сәйкес жүргізіледі.
GRI 403: Жұмыс орнындағы денсаулық пен қауіпсіздік				
403-1	Еңбекті қорғау мәселелерін басқару жүйесі	Еңбекті және денсаулықты қорғау.	63	
403-2	Өндірістік қауіптер мен тәуекелдерді анықтау және бағалау, сол қауіптермен байланыс жағдаяттар бойынша тергеу	Еңбекті және денсаулықты қорғау.	63	
403-4	Еңбек гигиенасы және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша ақпаратпен қамту және қызметкерлердің қатысуы тавление информации по вопросам гигиены труда и техники безопасности	Еңбекті және денсаулықты қорғау.	63	JUSAN-да қауіпсіздік техникасы бойынша жұмыскер мен жұмыс берушінің бірлескен комитеті жоқ.

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
403-5	Қызметкерлерді еңбекті қорғау саласында оқыту	Еңбекті және денсаулықты қорғау.	63	
403-6	Қызметкерлердің денсаулығын қолдау	Ынталандыру және қызметкерлердің еңбекақысы; Корпоративтік іс шаралар мен еріктілік.	61, 65	
403-7	Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы ескертулер және іскерлік қарым қатынасқа әсерін азайту	Ынталандыру және қызметкерлердің еңбекақысы; Еңбекті және денсаулықты қорғау.	61, 63	
403-9	Өндірістік травматизм	Еңбекті және денсаулықты қорғау.	63	
403-10	Кәсіпке байланысты аурулар	Еңбекті және денсаулықты қорғау.	63	

GRI 404: Оқыту және дамыту

404-1	Бір қызметкердің жылдық есептегі орташа оқуға кеткен сағат саны	Қызметкерлерді оқыту және дамыту.	60	Банкте қолданылатын оқу сағатын есептеудің ерекшелігіне байланысты, жыныстық тұрғыда деректерді беру мүмкін болмай тұр.
404-2	Қызметкерлердің кәсібилігін арттыру және үздік кәсіби даму бағдарламалары	Қызметкерлерді оқыту және дамыту.	60	JUSAN-да жұмысқа тұрғызу, зейнет жасының алдындағы қызметкерлерге арналған, сондай ақ зейнетке шығып жұмыстан шығу кезінде қолдау бойынша бағдарламалар жоқ.
404-3	Нәтижелілікті және кәсіби өсімнің дамуын бағалау өткізілетін қызметкерлер үлесі			Қызметкерлердің нәтижелілігін ара-тұра тексеру 2021 жылы өткізілмеген. Ондай практиканы енгізу жоспарлануда.

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 405: Қызметкерлердің әлеуметтік мәдени түрлілігі және тең мүмкіндіктер				
405-1	Басшылар мен қызметкерлердің әлеуметтік мәдени түрлілігі	Корпоративтік басқару; Қызметкерлер құрылымы.	22, 58	
405-2	Ерлер мен әйелдердің базалық еңбекақысы мен сыйақысының арақатынасы	Ынталандыру және қызметкерлердің еңбекақысы.	61	«АТФБанк» АҚ-тың Банкке қосылуына және ұйымдық өзгерістерге байланысты қызметкерлер еңбекақысындағы гендерлік айырмашылық туралы біріктірілген деректер 2021 жылы қалыптастырылмаған.
GRI 406: Дискриминацияға жол бермеу				
406-1	Кемсіту жағдайлары және жасалған әдіс-тәсілдер	Адам құқығы; Адами капиталды дамыту.	29, 55	
GRI 408: Балалар еңбегі				
408-1	Балалар еңбегін қолдануы мүмкін тәуекелі жоғары бөлімдер мен тасымалдаушылар			Банкте балалар еңбегін қолдану мүмкіндігі жоғары бөлімдер жоқ.
GRI 409: Мәжбүрлі еңбек				
409-1	Мәжбүрлі еңбекті қолдануы мүмкін тәуекелі жоғары бөлімдер мен тасымалдаушылар			Мәжбүрлі еңбекті қолдану мүмкіндігі жоғары бөлімдер Банкте жоқ.
GRI 410 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы				
410-1	Адам құқығын қорғау саласында ережелер мен процедураларды үйренген қауіпсіздік қызметтері			2021 жылы адам құқығын қорғау саласында міндетті оқыту өткізілген жоқ.

GRI СТАНДАРТТАРЫНЫҢ НҰСҚАУШЫСЫ

ИНДИКАТОР	ИНДИКАТОРДЫҢ ТҮСІРМЕСІ	ЕСЕПТЕГІ ОРНЫ	ЕСЕПТИҢ БЕТІ	КОММЕНТАРИЙ
GRI 412: Адам құқығы саласындағы қызметті бағалау				
412-1	Адам құқығын қорғау немесе адам құқығына әсерді бағалау бойынша тексеру жүргізілген бөлімдер			Jusan-да есепті кезеңде адам құқығын қорғауды бағалау өткізілген жоқ.
GRI 416: Клиенттердің денсаулығы мен қауіпсіздігі				
416-2	Денсаулық пен қауіпсіздікке тигізетін әсер бойынша өнімдер мен қызметтердің талаптарға сай еместігі			Есепті кезеңде клиенттердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне тигізетін әсер бойынша өнімдер мен қызметтердің талаптарға сай еместігі туралы жағдайлар анықталған жоқ.
GRI 418: Тұтынушының жеке өміріне қолсұқпаушылық				
418-1	Тұтынушының жеке өміріне қолсұқпаушылық немесе ақпаратты жоғалту бойынша бекітілген шағымдар	Киберқауіпсіздік және деректерді қорғау.	49	
GRI 418: Әлеуметтік-экономикалық талаптарға сәйкестік				
419-1	Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңнамалардың талаптарына сәйкес келмеу	Ішкі бақылау және комплаенс бақылау.	34	



Мүмкіндіктер
сен үшін